- Curtis, C., Gillespie, N., & Lockey, S. (2022). AI-deploying organizations are key to addressing ‘perfect storm’ of AI risks. *AI and Ethics*, 3(1), 145–153. <https://doi.org/10.1007/s43681-022-00163-7>
- Coulter, M. (2023a). Big Tech braces for EU Digital Services Act regulations. Reuters.
- GOV.UK. (2023, October 26). AI Safety Summit: Introduction (HTML). Archived from the original on October 26, 2023. Retrieved October 27, 2023.
- European Commission. (2019). Ethics guidelines for trustworthy AI.
- Héder, M. (2020). A criticism of AI ethics guidelines. *Információs Társadalom*, 20(4), 57–73. <https://doi.org/10.22503/inftars.XX.2020.4>
- Hwang, T. J., Kesselheim, A. S., & Vokinger, K. N. (2019). Lifecycle regulation of artificial intelligence– and machine learning–based software devices in medicine. *JAMA*, 322(23), 2285–2286. <https://doi.org/10.1001/jama.2019.16842>
- Johnson, W. G., & Bowman, D. M. (2021). A survey of instruments and institutions available for the global governance of artificial intelligence. *IEEE Technology and Society Magazine*, 40(4), 68–76. <https://doi.org/10.1109/MTS.2021.3123745>
- Jungherr, A. (2023). Artificial intelligence and democracy: A conceptual framework. *Social Media + Society*, 9(3), 20563051231186350. <https://doi.org/10.1177/20563051231186353>
- Kamyschansky, V. P., Rudenko, E. Y., Kolomiets, E. A., & Kripakova, D. R. (2020). Revisiting the place of artificial intelligence in society and the state. In *Artificial Intelligence: Anthropogenic Nature vs. Social Origin* (pp. 359–364). Springer. https://doi.org/10.1007/978-3-030-39319-9_41
- Kaye, D. (2018). Report on artificial intelligence technologies and implications for freedom of expression and the information environment. United Nations Human Rights Office of the High Commissioner. <https://www.ohchr.org/en/Issues/FreedomOpinion/Pages/ReportGA73.aspx>
- Kissinger, H., Schmidt, E., & Huttenlocher, D. (2021). The challenge of being human in the age of AI. *The Wall Street Journal*. Archived from the original on 4 November 2021.
- Mantelero, A., & Esposito, M. S. (2021). An evidence-based methodology for human rights impact assessment (HRIA) in the development of AI data-intensive systems. *Computer Law & Security Review*, 41, 105561. <https://doi.org/10.1016/j.clsr.2021.105561>
- Marchant, G. (2023). “Soft Law” Governance of AI [PDF]. *AI Pulse*. AI PULSE Papers. Archived (PDF) from the original on March 21, 2023. Retrieved February 28, 2023
- Ministry of Innovation, Science and Technology & Ministry of Justice. (2023, December 12). Israel’s policy on artificial intelligence regulation and ethics.
- Ministry of Science, Innovation and Universities. (2019). Spanish RDI Strategy in Artificial Intelligence. Retrieved from <https://cpage.mpr.gob.es>
- Müller, W. M. (2018). An integrated artificial intelligence framework for public management. *Public Management Review*, 21(7), 1076–1100. <https://doi.org/10.1080/14719037.2018.1549268>
- Poslanie Glavy gosudarstva Kasym-Zhomarta Tokaeva narodu Kazahstana JeKONOMICHESKIJ KURS SPRAVEDLIVOGO KAZAHSTANA ot 1 sentjabrja 2023 goda [Message of the Head of State Kasym-Jomarta Tokaeva to the people of Kazakhstan Economic course of justice of Kazakhstan from September 1, 2023] // https://adilet.zan.kz/rus/docs/K23002023_1
- Postanovlenie Pravitel’stva Respubliki Kazahstan ot 12 dekabrja 2017 goda № 827 ob utverzhdenii Gosudarstvennoj programmy “Cifrovoy Kazahstan” [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 12, 2017 No. 827 on the approval of the Government program “Digital Kazakhstan”] // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000827> (utratilo silu)
- Akhmetova S.B., Tursynkulova D.A., Ibrayev N.S. (2024). Powers of the Personal Data Protection Authority in Europe and Kazakhstan: comparative analysis, recommendations for improving the activities of the Kazakhstani Personal Data Protection Authority”. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University Law Series* Vol.148 No.3. 198-211.
- Schmit, C. D., Doerr, M. J., & Wagner, J. K. (2023). Leveraging IP for AI governance. *Science*, 379(6633), 646–648. <https://doi.org/10.1126/science.add2202>
- Sotala, K., & Yampolskiy, R. V. (2014). Responses to catastrophic AGI risk: a survey. *Physica Scripta*, 90(1), 018001. <https://doi.org/10.1088/0031-8949/90/1/018001>
- Sutcliffe, H. R., & Brown, S. (2021). Trust and Soft Law for AI. *IEEE Technology and Society Magazine*, 40(4), 14–24. <https://doi.org/10.1109/MTS.2021.3123741>
- V MCRIAP obsudili proekt Cifrovogo kodeksa [Draft Digital Code discussed in MCRIAP] // <https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/press/news/details/647893?lang=ru>
- Wirtz, B. W., Weyerer, J. C., & Geyer, C. (2018). Artificial Intelligence and the Public Sector—Applications and Challenges. *International Journal of Public Administration*, 42(7), 596–615. <https://doi.org/10.1080/01900692.2018.1498103>
- Zan shygaru kyzmetindegi zhasandy intellekt [Artificial intelligence in legislative service] // <https://egemen.kz/article/359994-zanh-shygharu-qyzmetindegi-dgasandy-intellekt>
- Zidouemba, T. M. (2025). Governance and artificial intelligence: The use of artificial intelligence in democracy and its impacts on the rights to participation. *Discover Artificial Intelligence*. <https://doi.org/10.1007/s44163-025-00229-5>

Сведения об авторах:

Мұхамеджан Ақмарал Болатбекқызы – докторант 2-курса юридического факультета КазНУ им. аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан, эл. почта: aktow.009@gmail.com);

Турсынкулова Динара Ахановна (корреспондент автор) – к.ю.н., старший преподаватель КазНУ им. аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан, эл. почта: adilek03@mail.ru)

Касымжанова Айнур Ахылбековна – PhD, старший преподаватель ЕНУ им. Л.Н.Гумилева (г. Астана, Казахстан, эл. почта: ainur.kassymzhan@gmail.com);

Ибраева Алуа Саламатовна – д.ю.н., профессор КазНУ им. аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан, эл. почта: ibraeva_tgp@mail.ru).

Ахатов Уалихан Акыпбекович – к.ю.н., профессор КазНУ им. аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан, эл. почта: Ualikhan.Akhatov@kaznu.kz).

Information about the Authors:

Mukhamedzhan Akmaral Bolatbekkyzy – 2nd-year doctoral student at the Faculty of Law, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, email: aktow.009@gmail.com);

Tursynkulova Dinara Akhanovna (corresponding author) – Candidate of Law, senior lecturer at Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, email: adilek03@mail.ru).

Kasymzhanova Ainur Akhylbekovna – PhD, Senior Lecturer at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, email: ainur.kassymzhan@gmail.com);

Ibrayeva Alua Salamatovna – Doctor of Law, Professor at Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, email: ibraeva_tgp@mail.ru).

Akhatov Ualikhan Akypbekovich – Candidate of Law, professor at Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, email: Ualikhan.Akhatov@kaznu.kz).

Авторлар туралы мәліметтер:

Мұхамеджан Ақмарал Болатбекқызы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінің 2-курс докторанты (Алматы қ., Қазақстан, эл. пошта: aktow.009@gmail.com);

Турсынкулова Динара Ахановна (хат-хабарға жауапты автор) – з.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы (Алматы қ., Қазақстан, эл. пошта: adilek03@mail.ru);

Касымжанова Айнур Ахылбековна – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың аға оқытушысы (Астана қ., Қазақстан, эл. пошта: ainur.kassymzhan@gmail.com);

Ибраева Алуа Саламатовна – з.ғ.д. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры (Алматы қ., Қазақстан, эл. пошта: ibraeva_tgp@mail.ru);

Ахатов Уалихан Акыпбекович – з.ғ.к. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры (Алматы қ., Қазақстан, эл. пошта: Ualikhan.Akhatov@kaznu.kz).

Поступило: 10 января 2025 г.

Принято: 10 марта 2025 г.

FTAMP 10.07.01

<https://doi.org/10.26577/JAPJ202511312>

А.Ә. Алайдаров¹, Н.Н. Пошанов^{2*}, А.Е. Паридинова²,
М.М. Иманбекова¹, К.Ж. Айдарбекова³

¹Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

²Халықаралық туризм және меймандостық университеті КЕАҚ, Түркістан, Қазақстан

³ЖМ «Аймақтық Инновациялық Университеті», Шымкент, Қазақстан

*e-mail: n.poshanov@iuth.edu.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫЛАРЫ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ РЕТІНДЕ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары құқықтық реттеудің негізін қалыптастыратын маңызды құқықтық актілердің бірі болып табылады. Олар сот тәжірибесін жан-жақты талдау негізінде әзірленіп, заң нормаларының бірыңғай түсіндірілуі мен олардың құқық қолдану практикасына біркелкі енгізілуін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл қаулылар сот шешімдерінің тұрақтылығы мен болжамдылығын арттырып, құқықтық айқындықты қалыптастыру арқылы заңнамалық олқылықтар мен құқықтық белгісіздіктерді жоюдың пәрменді тетігіне айналады. Осылайша, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары құқықтық жүйенің үйлесімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуде ерекше рөл атқарады.

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының құқықтық табиғаты, олардың құқық көздері жүйесіндегі орны, сондай-ақ сот практикасын қалыптастырудағы ықпалы жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында аталған актілердің құқық үстемдігін қамтамасыз етудегі маңызы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы рөлі, сондай-ақ соттардың құқық қолдану қызметін тиімді ұйымдастыруға ықпал ететін тетіктері талданады. Сонымен қатар, нормативтік қаулылардың міндеттілік сипаты мен олардың заңнамалық актілермен арақатынасы, сондай-ақ оларды әзірлеу және бекіту үдерісінің ерекшеліктері мәселесіне айрықша назар аударылады. Осылайша, мақалада Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары құқықтық жүйенің тұтастығы мен тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды құрал ретінде қарастырылады.

Зерттеу нәтижесінде авторлар Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары қазақстандық құқық жүйесінде шешуші рөл атқаратынын атап өтеді. Бұл актілер реттеуші және түсіндіру функцияларын орындай отырып, құқықтық реттеудің тұрақтылығын қамтамасыз етеді, оның бірыңғай орындалуына ықпал етеді және төменгі сатыдағы соттар үшін эталондық құқықтық бағдар ретінде қызмет етеді. Нормативтік қаулыларды жан-жақты зерттеу және оларды дұрыс қолдану сот тәжірибесінде маңызды орын алады, өйткені олардың мазмұны мен ережелері судьялардың құқықтық ұстанымдарын қалыптастыруда, сондай-ақ заңгерлердің кәсіби қызметінде шешуші рөл атқарады. Осылайша, бұл актілер елдегі құқық қолдану тәжірибесіне тікелей ықпал етіп, сот төрелігінің әділ әрі тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін маңызды құқықтық құрал болып табылады.

Түйін сөздер: нормативтік қаулылар, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, құқық көздері, сот практикасы, құқық қолдану, заңнама, құқықтық жүйе, құқық үстемдігі.

A.A. Alaidarov¹, N.N. Poshanov^{2*}, A.Y. Paridinova³,
M.M. Imanbekova¹, K.Zh. Aidarbekova⁴

¹International Kazakh-Turkish University named after H.A. Yassawi, Turkestan, Kazakhstan

²International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan

³Regional Innovation University, Shymkent, Kazakhstan

*e-mail: n.poshanov@iuth.edu.kz

The importance of Supreme Court normative resolutions of Republic of Kazakhstan as a source of the functioning law

In the legal system of the Republic of Kazakhstan, the normative rulings of the Supreme Court occupy a pivotal position among legal acts that form the foundation of legal regulation. These rulings are developed based on a comprehensive analysis of judicial practice and are aimed at unifying the

practice. Their significance lies in eliminating legislative gaps and legal uncertainty, which is achieved by enhancing the stability and predictability of judicial decisions, as well as fostering transparency in the law enforcement process. Thus, the normative rulings of the Supreme Court perform a crucial function in ensuring the integrity, coherence, and sustainability of the country's legal system.

This article provides a comprehensive analysis of the legal nature of the normative rulings of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan, their significance within the system of sources of law, and their influence on the development of judicial practice. The study examines their role in strengthening the rule of law, protecting citizens' rights and freedoms, and the mechanisms that contribute to the effective organisation of judicial law enforcement. Special attention is given to the binding nature of normative rulings, their correlation with legislative acts, as well as the specific features of their development and approval procedures. As a result, the article positions the normative rulings of the Supreme Court as one of the key instruments in ensuring the integrity, consistency, and stability of the state's legal system.

Based on the research conducted, the author concludes that the normative rulings of the Supreme Court hold a central place in the legal system of the Republic of Kazakhstan. By performing both regulatory and interpretative functions, these acts ensure the stability of legal regulation, contribute to the uniform application of legislation, and serve as benchmark legal guidelines for lower courts. Their thorough study and proper application are essential elements of judicial practice, as their content and legal positions play a decisive role in shaping judicial rulings and in the professional activities of legal practitioners. Thus, the normative rulings of the Supreme Court represent an effective legal instrument that directly influences the country's law enforcement practice and ensures the fair and consistent administration of justice.

Key words: regulatory rulings, the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan, sources of law, judicial practice, law enforcement, legislation, legal system, rule of law.

А.Ә. Алайдаров¹, Н.Н. Пошанов^{2*}, А.Е. Паридинова³,
М.М. Иманбекова¹, К.Ж. Айдарбекова⁴

¹Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави, Туркестан, Казахстан

²НАО «Международный университет туризма и гостеприимства», Туркестан, Казахстан

³ЧУ «Региональный Инновационный Университет», Шымкент, Казахстан

*e-mail: n.poshanov@iuth.edu.kz

Значение нормативных постановлений Верховного Суда Республики Казахстан как источник действующего права

В правовой системе Республики Казахстан нормативные постановления Верховного Суда занимают ключевое место среди правовых актов, формирующих основу правового регулирования. Эти постановления разрабатываются на основе всестороннего анализа судебной практики и направлены на унификацию толкования правовых норм, а также их последовательное и единообразное применение в судебной практике. Их значение заключается в устранении законодательных пробелов и правовой неопределенности, что достигается за счет повышения стабильности и предсказуемости судебных решений, а также формирования прозрачности правоприменительного процесса. Таким образом, нормативные постановления Верховного Суда выполняют важнейшую функцию в обеспечении целостности, согласованности и устойчивости правовой системы страны.

В данной статье проводится всесторонний анализ правовой природы нормативных постановлений Верховного Суда Республики Казахстан, их значимости в системе источников права, а также влияния на формирование судебной практики. В процессе исследования рассматривается их роль в укреплении верховенства права, защите прав и свобод граждан, а также механизмы, способствующие эффективной организации правоприменительной деятельности судебных органов. Особое внимание уделяется вопросам обязательного характера нормативных постановлений, их соотношению с законодательными актами, а также особенностям процедуры их разработки и утверждения. В результате статьи нормативные постановления Верховного Суда позиционируются как один из ключевых инструментов, обеспечивающих целостность, согласованность и устойчивость правовой системы государства.

В результате проведенного исследования авторы приходят к выводу, что нормативные постановления Верховного Суда занимают ключевое место в правовой системе Республики Казахстан. Выполняя как регулирующую, так и разъяснительную функции, данные акты обеспечивают стабильность правового регулирования, способствуют единообразному применению законодательства и выступают в качестве эталонных правовых ориентиров для судов нижестоящих инстанций. Их всестороннее изучение и надлежащее применение являются неотъемлемыми элементами судебной практики, поскольку содержание и правовые позиции, изложенные в этих постановлениях, играют определяющую роль в формировании судебных решений, а также в про-

фессиональной деятельности юристов. Таким образом, нормативные постановления Верховного Суда представляют собой эффективный правовой инструмент, оказывающий непосредственное влияние на правоприменительную практику страны и обеспечивающий справедливое и последовательное отправление правосудия.

Ключевые слова: нормативные постановления, Верховный Суд Республики Казахстан, источники права, судебная практика, правоприменение, законодательство, правовая система, верховенство права.

Кіріспе

Құқық көздерін зерттеу – заң ғылымының ең өзекті және іргелі мәселелерінің бірі. Құқық көздері – белгілі бір қоғамда құқықтық нормаларды бекітетін, заңдық күші бар ресми танылған нысандар. Бұл институт құқықтық жүйенің іргетасы іспетті, өйткені ол мемлекетте құқық нормаларының қандай құралдар арқылы қалыптасатынын, заңдылықтың қандай қайнарлардан бастау алатынын анықтайды.

Әрбір мемлекеттің құқықтық жүйесі тарихи даму барысына, құқықтық мәдениетіне, саяси және әлеуметтік ерекшеліктеріне байланысты қалыптасады. Осыған орай, құқық көздері де әр түрлі құқықтық дәстүрлердің ықпалымен қалыптасып, белгілі бір заңи жүйеде өзіндік сипатқа ие болады. Бүгінде әлемде құқықтық жүйелердің екі негізгі моделі кең таралған: континентальды құқық жүйесі және англо-саксондық құқық жүйесі.

Континентальды құқық жүйесі кодификацияланған заңнаманы басты құқық көзі ретінде қарастырады. Бұл жүйеде құқықтың негізгі қайнары – конституция, кодекстер, заңдар және өзге де нормативтік-құқықтық актілер болып табылады. Мемлекеттің заңнамалық органдары қабылдаған нормалар жалпы міндеттілік сипатқа ие және барлық құқық субъектілеріне тікелей қолданылуы тиіс. Қазақстан Республикасы да өзінің құқықтық жүйесінде континентальды құқық моделін ұстанып, заңнаманы құқықтық реттеудің негізгі құралы ретінде таниды.

Алайда, заңнамалық актілерден бөлек, Қазақстанның құқықтық жүйесінде ерекше маңызға ие нормативтік-құқықтық актілердің бірі – Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары (бұдан әрі – ЖС НҚ). Бұл актілер заң ретінде қабылданбағанымен, олардың құқықтық күші заңнаманың ресми түсіндірмесін қамтамасыз етумен ерекшеленеді. Нормативтік қаулылар құқық қолдану тәжірибесінде айтарлықтай рөл атқарып, сот билігінің заңнаманы бірізді қолдануына ықпал етеді.

Англо-саксондық құқық жүйесі, керісінше, сот прецедентін құқықтың негізгі қайнары ретінде таниды. Бұл жүйеде соттардың шығарған шешімдері келешекте ұқсас істерді қарастыруда міндетті үлгі ретінде қолданылады. Яғни, құқық нормасы тікелей заң шығарушы орган арқылы ғана емес, сот шешімдері арқылы да қалыптасады. Мұндай құқықтық жүйе құқықтың динамикалық сипатын айқындап, сот билігін заң шығармашылықтың маңызды бөлігіне айналдырады.

Қазақстан континентальды құқық дәстүріне негізделген мемлекет болғанымен, оның құқықтық жүйесінде нормативтік қаулылар мен сот актілерінің маңызы артып келеді. Бұл – құқықтың эволюциясы мен қоғамның дамуына байланысты заңнамалық базаның үздіксіз жетілдірілуінің қажеттілігінен туындаған құбылыс. Қазіргі таңда ЖС НҚ-ның құқықтық табиғаты мен оның заңнамалық актілермен арақатынасы туралы құқықтық қауымдастықта қызу пікірталастар жүріп жатыр. Негізгі мәселе – бұл актілерді толыққанды құқық көзі ретінде тану немесе оларды тек заңнаманың ресми түсіндірмесі ретінде қарастыру қажеттілігі.

Осы тұрғыда Қазақстанның құқықтық жүйесінде нормативтік қаулылардың рөлі мен олардың құқық көздеріндегі орны туралы мәселе терең әрі кешенді талдауды қажет етеді. Құқық теориясы мен сот практикасының тоғысында тұрған бұл институттың ерекшеліктерін зерттеу тек теориялық тұрғыдан ғана емес, құқықтық мемлекеттің тиімді қызмет етуі үшін де маңызды.

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі өзінің тарихи және құқықтық негіздері тұрғысынан континенттік құқық моделіне негізделген. Бұл жүйе құқықтық реттеудің негізі ретінде нормативтік құқықтық актілерді (НҚА) мойындайды және олардың басымдығын қамтамасыз етеді. Құқықтық жүйенің негізгі құрылымы заңдар, кодекстер және заңға тәуелді актілерден тұрады, олар қоғамдық қатынастарды реттеп қана қоймай, мемлекеттің қызмет етуінің іргелі қағидаттарын қалыптастырады. Осылайша, заң-

намалық актілер құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі тетігі ретінде әрекет етеді.

Дегенмен, құқықтық реттеудің дәстүрлі құралдарымен қатар, Қазақстан Республикасында сот практикасын біріздендіру және заңнаманы ресми түсіндіру мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары (ҚР ЖС НҚ) айтарлықтай маңызды рөл атқарады. Бұл қаулылар елдің ең жоғары сот инстанциясы қабылдайтын актілер болып табылады және құқық қолдану тәжірибесін жүйелеу, соттардың біркелкі шешім қабылдауын қамтамасыз ету және құқықтық тұрақтылықты нығайту мақсатында әзірленеді.

ҚР ЖС НҚ-ның құқықтық мәртебесі заңнамалық актілерден ерекшеленеді. Олар тікелей жаңа құқық нормаларын жасамайды, алайда қолданыстағы заңнаманы ресми түсіндіру және сот тәжірибесін біріздендіру құралы ретінде қызмет етеді. Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде прецеденттік құқық ресми түрде танылмағанымен, нормативтік қаулылардың міндетті күші белгілі бір деңгейде сот практикасын бағыттайтын актілер ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

ҚР ЖС НҚ-ның құқықтық мәртебесі мен оның басқа нормативтік құқықтық актілермен арақатынасы құқық теориясында түрлі пікірталастардың нысанына айналып келеді. Континенттік құқық жүйесінің дәстүріне сәйкес, заңнама қабылдау – заң шығарушы биліктің құзыретіне жатады, ал соттар заңдарды тек қолдануға міндетті. Алайда, Қазақстанның құқықтық жүйесінде нормативтік қаулылар соттардың құқық қолдану тәжірибесіне ықпал ететін маңызды құралға айналып отыр.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының құқықтық табиғаты – қазақстандық заң ғылымындағы ең өзекті әрі пікірталас тудырып отырған мәселелердің бірі. Континенттік құқықтық жүйеге жататын көптеген мемлекеттерде заң шығару процесінің нәтижесінде қабылданған нормативтік актілер құқықтық жүйенің негізін құрайды, ал сот билігінің рөлі тек қана құқық қолдану қызметін жүзеге асырумен шектеледі. Алайда, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары заңдық күші бар және нормативтік сипатқа ие актілер ретінде танылған. Мұндай ерекшелік аталған құқықтық

институттың құқықтық табиғатын зерделеуді, оның заң шығару және құқық қолдану процесіндегі орнын айқындауды талап етеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 4-бабына сәйкес құқықтың негізгі қайнар көздеріне мыналар жатады:

- **Конституция** – мемлекеттің жоғарғы құқықтық актісі ретінде құқықтық жүйенің негізін қалайды;

- **Заңдар** – құқықтық нормаларды белгілейтін және реттейтін негізгі заңнамалық актілер;

- **Халықаралық шарттар** – Қазақстан Республикасы бекіткен және ұлттық заңнаманың құрамдас бөлігіне айналған халықаралық-құқықтық актілер;

- **Өзге де нормативтік құқықтық актілер** – заңнамалық және атқарушылық билік органдары қабылдайтын құқықтық құжаттар (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_).

Алайда, осы ресми тізімде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының құқықтық мәртебесі мен олардың нормативтік табиғаты жайлы нақты ескерту жоқ. Бұл мәселе құқықтық теория мен тәжірибеде көптеген пікірталастар туындатып келеді.

Сонымен қатар, «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 17-бабына сәйкес Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары «барлық соттар мен мемлекеттік органдар үшін міндетті» күші бар құқықтық актілер ретінде танылады. Бұл олардың Конституцияда тікелей көзделмегеніне қарамастан, «нақты нормативтік күші бар» екенін айқындайды (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000132>).

Осы орайда, «Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары» заңнамалық олқылықтар мен құқықтық белгісіздіктерді толықтырушы және нақтылаушы «квази-нормативтік реттеу» тетігі ретінде қарастырылады. Бұл олардың құқық қолдану тәжірибесіндегі рөлін күшейтіп қана қоймай, Қазақстан құқықтық жүйесінде өзіндік ерекшелігі бар құқықтық институт ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Құқық көздерінің иерархиялық жүйесін талдай отырып, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары заңдар мен заңға тәуелді актілер арасында аралық сипатқа ие құқықтық феномен ретінде қарастырылады. Дегенмен, олардың нақты мәртебесі заңнамалық деңгейде толық анықталмаған, себебі Конституцияда бұл қаулылардың орны мен құқықтық табиғаты нақты белгіленбеген.

Құқық қолдану тәжірибесінде Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары ресми түсіндіру, нормативтік реттеу және сот прецеденті элементтерін үйлестіретін күрделі құқықтық құрал ретінде қызмет етеді. Бұл олардың екіұшты табиғатын көрсетеді:

1. Бір жағынан, нормативтік қаулылар заң күші бар актілер қатарына жатпайды, алайда оларды барлық соттар мен мемлекеттік органдар міндетті түрде орындауы тиіс.

2. Екінші жағынан, олар құқықтық олқылықтарды толтырып, сот тәжірибесінде жаңа құқықтық нормалардың қалыптасуына ықпал етеді.

1-мысал: Нормативтік қаулы – заңдағы олқылықты жою құралы ретінде:

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының құқықтық жүйедегі орнына қатысты ең жарқын мысалдардың бірі – шартты біржақты бұзу тәртібіне қатысты құқықтық олқылықты толықтыру болып табылады.

ҚР Азаматтық кодексінің 387-бабында біржақты бас тарту құқығы қарастырылғанымен, заңнамада шартта тиісті талаптар болмаған жағдайда, тараптардың осындай әрекетке бара алатындығы нақты көрсетілмеген. Бұл құқықтық белгісіздік біржақты тәртіппен келісімшартты бұзу мүмкін бе? деген сұрақты туындатты.

Мәселені шешу мақсатында Жоғарғы Сот өз қаулыларының бірінде егер шартта тиісті талаптар нақты көрсетілмеген болса, бірақ тараптардың бірі өз міндеттемелерін елеулі түрде бұзса, шартты бұзу мүмкін екенін түсіндірді. Осылайша, бұл нормативтік қаулы заңнамалық олқылықты жойып, Азаматтық кодекстің 387-бабының біркелкі және жүйелі түрде қолданылуын қамтамасыз етті (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_#z434).

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары құқықтық жүйенің ажырамас элементі болып табылады және олардың рөлі тек ресми түсіндірумен шектелмейді. Олар құқықтық реттеудің икемді құралы ретінде, бір жағынан, заңнаманың толықтығын қамтамасыз етсе, екінші жағынан, құқықтық жүйенің тұрақтылығы мен болжамдылығын арттырады. Бұл олардың Қазақстандағы құқықтық жүйеде өзіндік ерекшелігі бар квази-нормативтік реттеудің маңызды тетігіне айналғанын дәлелдейді (https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30466058&pos=5;-106#pos=5;-106).

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары ерекше құқықтық феномен ретінде көрініс

табады. Бір қарағанда, олар заңнамалық актілер қатарына жатпайды, алайда олардың міндетті күші бар, яғни құқықтық қатынастарда белгілі бір реттеушілік рөл атқарады. Бұл институттың табиғатын жан-жақты түсіну үшін оны құқықтың негізгі қайнар көздерімен өзара байланыста қарастыру қажет.

Құқықтың негізгі қайнар көздері мыналар:

- **Заңдар** – Парламент қабылдайтын және құқықтық жүйеде Конституциядан кейінгі ең жоғары заңды күші бар актілер;

- **Заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілер** – заңдардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында қабылданатын құқықтық құжаттар;

- **Сот прецеденттері** – соттардың құқықты қолдану тәжірибесін қалыптастыратын шешімдері.

Парламент қабылдаған заңдар құқықтық жүйенің басты тірегі ретінде қызмет атқарады. Олар мемлекет аумағында барлық субъектілер үшін міндетті сипатқа ие және заң үстемдігін қамтамасыз етеді. Алайда, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары заңнамамен тығыз байланысты бола отырып, бірқатар ерекшеліктерге ие:

1. Жаңа құқықтық нормалар жасамайды – олар заңдардың мазмұнын өзгертуге немесе жаңадан құқықтық міндеттер белгілеуге бағытталмаған;

2. Түсіндірме сипатқа ие – олар қолданыстағы заңнаманың мазмұнын ашып көрсетуге, сот тәжірибесінде бірізділікті қамтамасыз етуге арналған;

3. Құқықтық олқылықтарды толықтыруға ықпал етеді – кейбір жағдайларда заңнаманың нақты тұстарын түсіндіру арқылы құқықтық реттеудегі олқылықтарды жоюға көмектеседі.

2014 жылы Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексі қабылданған болатын. Оның ішінде алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы мүлікті иелену мәселесін реттейтін бап енгізілді. Дегенмен, құқық қолдану тәжірибесі бұл норманың әртүрлі түсіндірілетінін көрсетті:

- Кейбір соттар мұндай әрекеттерді қылмыстық құқық бұзушылық деп таныды;

- Басқалары бұл қатынастарды азаматтық-құқықтық даулардың шеңберінде қарастырды.

Осы мәселеге байланысты Жоғарғы Сот алаяқтық әрекеттер үшін қылмыстық-құқықтық жауапкершіліктің шекараларын нақты белгілейтін нормативтік қаулы қабылдады. Бұл құжат заңды қолдануда бірыңғайлықты қамтамасыз етуге және құқықтық сәйкессіз-

діктерді жоюға мүмкіндік берді (https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38018571&pos=6;-107#pos=6;-107).

Табиғи құқық теориясы құқықтың негізін мемлекеттің еркінен емес, әділеттілік пен моральдық қағидалардан іздейді. Бұл теорияның көрнекті өкілдері Жан-Жак Руссо, Джон Локк және Томас Гоббс болды.

Жан-Жак Руссоның көзқарасы бойынша, заңдар халық егемендігінің көрінісі болып табылады. Алайда, егер заңдар қоғамның мүдделерін толық қамтамасыз етпесе немесе олардың түсініксіздігі құқықтық коллизияларға әкелсе, соттар әділеттілікті қамтамасыз ету үшін белгілі бір интерпретация жасай алады. Осы тұрғыдан алғанда, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары заңның кемшіліктерін жоюға бағытталған құрал ретінде қарастырылады (Ж.-Ж. Руссо, 1969:12-13).

Джон Локк мемлекет пен құқықтың басты мақсаты – жеке тұлғаның табиғи құқықтарын қорғау екенін атап өтеді. Егер белгілі бір заң ережесі біркелкі түсіндірілмесе және азаматтардың құқықтарын бұзу қаупі туындаса, сот оны әділеттілік принциптері негізінде нақтылауы тиіс (Marshall J. John Locke, 2006:190).

Томас Гоббс, керісінше, құқықтың тұрақтылығын сақтау үшін тек заңдарға сүйену қажеттігін алға тартады. Оның ойынша, нормативтік қаулылар сот билігінің шектен тыс күшеюіне әкелуі мүмкін (Гоббс, 1902:19).

Құқықтық позитивизм бағыты құқықты мемлекет бекітетін нормалар жүйесі ретінде қарастырады. Бұл бағыттың негізін қалаушылар – Джереми Бентам, Джон Остин және Ганс Кельзен.

Ганс Кельзеннің «таза құқық теориясы» бойынша, құқықтың жалғыз заңды қайнар көзі – заңнамалық актілер мен конституция. Осы тұрғыдан алғанда, Жоғарғы Соттың қаулылары құқық нормалары ретінде қарастырылмайды, өйткені олар заң қабылдамайды, тек түсіндіреді. Бірақ егер олар заңнаманың кемшіліктерін толтыруға бағытталса, онда бұл құқықтың қайнар көзі ретіндегі олардың маңыздылығын арттырады.

Х. Л. А. Харт құқықты бастапқы және туынды ережелерге бөледі. Бастапқы ережелер – заңдар, ал туынды ережелер – сот шешімдері мен құқықтық нормаларды қолдану әдістері. Осы жіктеу бойынша Жоғарғы Соттың қаулылары құқық қолдану тәжірибесін біріздендіруге арналған туынды ережелер болып табылады.

Құқық тек заңдар жиынтығы ғана емес, ол сонымен бірге оны түсіндіру процесімен де анықталады. Герменевтика теориясы (Г. Гадамер, Р. Дворкин) құқықты мәтіннің мағынасын ашу арқылы түсіндіру қажет екенін көрсетеді.

Рональд Дворкин құқықтық интерпретацияда соттардың рөлін ерекше атап өтеді. Оның ойынша, заң тек жазылған мәтіннен тұрмайды, сонымен қатар ол сот шешімдері арқылы дамиды. Осы тұрғыдан алғанда, Жоғарғы Соттың қаулылары құқықтың эволюциясына үлес қосатын құрал болып табылады.

Легизм теориясы бойынша, құқық тек жазылған нормаларға сүйенуі керек. Қазақстанда Жоғарғы Сот қаулылары заң емес, бірақ міндетті күші бар, бұл құқықтың қайнар көзі туралы дәстүрлі түсінікке қайшы келеді.

Кейбір құқықтық жүйелерде (мысалы, ағылшын-саксондық жүйеде) сот шешімдері құқықтың дербес қайнар көзі болып табылады. Қазақстанда бұл тәжірибе толық мойындалмағанымен, Жоғарғы Соттың қаулылары сот тәжірибесін қалыптастыратын маңызды құрал ретінде қарастырылады.

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары құқық жүйесінде маңызды рөл атқарады. Олар заңнаманы түсіндіруге көмектесіп, құқық қолдану тәжірибесінде бірізділікті қамтамасыз етеді. Өртүрлі құқықтық теориялар оларды өртүрлі бағалайды:

- Табиғи құқық теориясы оларды әділеттілікті қамтамасыз ету құралы ретінде қарастырады.
- Құқықтық позитивизм оларды құқықтың дербес қайнар көзі ретінде мойындамайды.
- Социологиялық теориялар оларды құқықтық тәжірибені реттеу механизмі ретінде қарастырады.

2014 жылы Қазақстан Республикасында жаңа Қылмыстық кодекс қабылданып, алаяқтыққа қатысты арнайы құқықтық нормалар енгізілді (ҚР ҚК 190-бабы). Аталған норма қылмыстық заңнаманы жүйелеуге, азаматтар мен ұйымдардың мүлктік құқықтарын тиімді қорғауға, сондай-ақ алдау мен сенімге қиянат жасау арқылы жүзеге асырылатын қылмыстық схемалардың алдын алуға бағытталды. Осылайша, заң шығарушы алаяқтықтың құқықтық құрамын нақтылап, оның қылмыстық-құқықтық реттелуінің негіздерін қалыптастырды.

Алайда, аталған қылмыс құрамының заңнамалық тұрғыда бекітілуіне қарамастан, құқық қолдану практикасы бірізділікке қол жеткізе алмады. Сот органдарының бұл норманы түсінді-

руінде елеулі айырмашылықтар мен құқықтық гетерогенділік байқалды. Бұл алаяқтық әрекеттерді азаматтық-құқықтық және қылмыстық-құқықтық жауапкершілік шеңберінде саралау мәселелерінен туындайтын құқықтық коллизияларды күшейтті (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000003S>).

Құқық қолдану практикасында кездесетін негізгі қиындықтардың бірі – мүліктік дауларға байланысты қылмыстық-құқықтық және азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің ара-жігін ажырату проблемасы болып табылады. Жеке-леген сот тәжірибесінде алаяқтық белгілері бар әрекеттер қылмыстық заңнама аясында қарастырылып, мүлікті алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы иемдену ниеті бар қылмыстық жазаланатын әрекет ретінде бағаланды. Дегенмен, басқа сот тәжірибесінде мұндай әрекеттер міндеттемелік қатынастар саласына жатқызылып, азаматтық-құқықтық сипаттағы дау ретінде қарастырылуы тиіс деп танылды.

Бұл жағдай құқықтық тұрақтылық пен сот практикасының бірізділігін қамтамасыз етуде айтарлықтай қиындықтар тудырып, заңнаманы жетілдіру қажеттілігін алға тартты. Қылмыстық-құқықтық және азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің шекарасын айқындау мақсатында құқық қолдану органдары үшін нақты түсіндірме актілерін әзірлеу, құқықтық нормаларды нақтылау және сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз ету бағытында кешенді шаралар қабылдау өзекті мәселе болып қала бермек.

Қазақстан Республикасында алаяқтық қылмысын саралау және құқық қолдану практикасын біріздендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты 2015 жылғы 11 желтоқсанда № 4 нормативтік қаулыны қабылдады. Аталған құқықтық акт алаяқтық қылмысының заңдық біліктілігін нақтылау арқылы сот практикасының жүйелілігін қамтамасыз етуді көздеді. Қаулыда алаяқтық қылмысы мен азаматтық-құқықтық сипаттағы даулар арасындағы шекара, сондай-ақ алаяқтық әрекеттерді дәлелдеудің негізгі өлшемдері айқындалды.

Жоғарғы Соттың түсіндіруіне сәйкес, егер құқықтық дау азаматтық-құқықтық міндеттемелер аясында туындаса және тұлғаның бастапқы қылмыстық ниеті дәлелденбесе, мұндай істер азаматтық немесе төрелік соттарда қаралуы тиіс. Алайда, егер адамның бастапқыда міндеттемелерді орындау ниеті болмағаны және оның негізгі мақсаты бөтен мүлікті иемдену болғаны

анықталса, онда мұндай әрекеттер алаяқтық ретінде қарастырылуы қажет.

Бұл қағида құқықтық қатынастардың нақты саралануын қамтамасыз етіп, азаматтық-құқықтық дауларды қылмыстық қудалау шеңберінен шығару арқылы кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласу тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік берді.

Қаулының маңызды аспектілерінің бірі – алаяқтықтың міндетті элементтерін нақтылау болды. Жоғарғы Сот алаяқтықтың басты белгісі ретінде тікелей қасақана ниеттің болуын атап өтті. Яғни, егер тұлға жәбірленушіні әдейі жаңылыстырып, бөтеннің мүлкін иемдену мақсатында алдау немесе сенімді теріс пайдалану әдістерін қолданса, мұндай әрекеттер алаяқтық деп танылуы тиіс.

Сондай-ақ, сот алаяқтық пен міндеттемелерді адал орындамаудың ара-жігін ажырату қажеттігін көрсетті. Егер міндеттемелердің орындалмауы объективті экономикалық себептерге немесе басқа да форс-мажорлық жағдайларға байланысты туындаса, онда бұл қылмыстық жауапкершілікті негіздемейтін фактор ретінде қарастырылуы тиіс (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500000004S>).

Жоғарғы Соттың қаулысы алаяқтық әрекеттерді саралауға бірыңғай көзқарасты қалыптастырып, сот практикасының болжамдылығын арттырды. Нәтижесінде:

- Судьялар алаяқтық белгілерін анықтаудың нақты әдістемесін алды, бұл сот шешімдерінің қарама-қайшылығын азайтты.

- Қылмыстық-құқықтық және азаматтық-құқықтық жауапкершілік арасындағы шекара айқындалып, кәсіпкерлік қызметке қылмыстық заңнаманың орынсыз араласу қаупі төмендеді.

- Алаяқтық істер бойынша қылмыстық жауапкершіліктің негізділігі арта түсті, ал соттар кінәлілікті анықтауда қылмыстық ниет мәселесіне көбірек көңіл бөле бастады.

Осылайша, 2014 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қабылданғаннан кейін алаяқтық қылмысының саралануындағы құқық қолдану мәселелері Жоғарғы Соттың түсіндіру қызметінің арқасында реттелді. 2015 жылғы № 4 нормативтік қаулы сот практикасының бірізділігін қамтамасыз етуде, алаяқтық қылмысының нақты критерийлерін айқындауда және құқықтық сенімділікті арттыруда маңызды рөл атқарды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары құқықтық жүйенің тү-

рақтылығын және құқық қолдану тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Олар заңнаманы нақты түсіндіру, үйлестіру, толықтыру және алдын алу секілді негізгі функцияларды орындай отырып, құқықтық қатынастардың дамуын жүйелі реттеуге ықпал етеді.

1. Түсіндіру функциясы

Нормативтік қаулылардың басты міндеттерінің бірі – заңнаманың күрделі және қарама-қайшы тұстарын түсіндіру, сондай-ақ құқықтық нормаларды қолдану барысында туындауы мүмкін олқылықтарды жою. Құқықтық реттеу жүйесінде кейбір нормалар біржақты түсіндіруге келмей, құқық қолданушылар арасында әртүрлі пікірталастар туғызуы мүмкін.

Жоғарғы Сот құқық қолдану тәжірибесін жан-жақты талдай отырып, құқықтық нормалардың мазмұнын нақтылауға және олардың біркелкі қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған түсініктемелер береді. Бұл құқықтық айқындықты арттырып, сот тәжірибесінде екіұшты саралауға жол бермеуге мүмкіндік береді.

2. Үйлестіру функциясы

Құқықтық жүйені реформалау жағдайында заңнамалық нормалар мен олардың іс жүзінде орындалуы арасында үйлесімсіздік орын алуы ықтимал. Мұндай жағдайда нормативтік қаулылар заңнаманы жүйелеу мен оны халықаралық стандарттарға сәйкестендіру құралы ретінде қызмет етеді.

ҚР Жоғарғы Соты нормативтік қаулылар шығару арқылы қолданыстағы құқықтық қағидаттардың сақталуын қамтамасыз етіп, ұлттық құқықтық жүйенің халықаралық құқық нормаларымен және құқық қолдану тәжірибесімен үйлесуіне ықпал етеді. Бұл құқықтық реттеу тетігінің тиімділігін арттыруға және құқықтық жүйенің дамуын үйлестіруге мүмкіндік береді.

3. Толтыру функциясы

Заңнамалық нормаларда кейде толық түсіндірмелер берілмейді немесе олар бірнеше түрлі интерпретацияға ұшырауы мүмкін. Мұндай жағдайларда ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары белгілі бір құқықтық институттарды нақтылау және жетілдіру арқылы заңнаманы толықтырушы рөл атқарады.

Кейбір жағдайларда нормативтік қаулылар құқық қолдану тәсілдері мен өлшемдерін бекіте отырып, заңнамалық олқылықтардың орнын толтыруға мүмкіндік береді. Бұл құқықтық реттеудің тиімділігін арттырып, құқық қолданушы-

ларға заң нормаларын дұрыс түсіну және қолдану үшін қажетті бағдар береді.

4. Алдын алу функциясы

Нормативтік қаулылардың тағы бір маңызды міндеті – құқық қолдану тәжірибесіндегі қателіктердің алдын алу. ҚР Жоғарғы Сотының түсіндірмелері құқықтық айқындықты қамтамасыз етіп, құқықтық нормаларды дұрыс түсіндіру мен қолдану стандарттарын бекітеді.

Бұл өз кезегінде сот дауларының санын азайтуға, заңсыз шешімдерге шағымдану ықтималдығын төмендетуге және жалпы құқықтық сенімділікті нығайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар, нормативтік қаулылар құқық қолдану тәжірибесінде әділеттілік пен құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған тиімді құқықтық құрал ретінде қарастырылады.

Құқықтық реформалар үдерісі аясында жаңа құқықтық институттардың енгізілуі немесе қолданыстағы құқықтық нормалардың елеулі түрде өзгеруі сот тәжірибесінде белгілі бір бейімделу қиындықтарын және нормативтік сәйкессіздіктерді туындататыны сөзсіз. Мұндай жағдайларда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары құқық қолданушыларға жаңартылған заңнаманы бірізді және дұрыс түсіндіруге бағыт-бағдар беретін тұрақтандырушы тетік рөлін атқарады.

Құқықтық жүйені реформалау барысында құқық бұзушылықтардың жаңа санаттары пайда болуы мүмкін, сондай-ақ оларды саралау әдістері мен құқықтық жауапкершілік түрлерін белгілеу тәсілдері қайта қаралуы ықтимал. Бұл құқық нормаларының мазмұны мен қолдану шектерін нақтылауды талап етеді. Сонымен қатар, сот тәжірибесінде белгілі бір құқықтық нормалардың әртүрлі түсіндірілуі жиі кездесетін құбылыс болып табылады. Әсіресе, заңнаманың жаңартылуы немесе жаңа құқықтық институттардың қалыптасуы жағдайында судьялардың құқық нормаларын әртүрлі пайымдауы салдарынан ұқсас істер бойынша әртүрлі сот шешімдерінің қабылдануы ықтимал.

Осындай нормативтік айқынсыздықтарды жою және құқық қолдану тәжірибесін біріздендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты қабылдайтын нормативтік қаулылар бірыңғай құқық қолдану стандарттарын қалыптастырады. Бұл, әсіресе, құқықтық реттеудің аса маңызды салаларында – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, цифрлық технологияларды құқықтық тұрғыдан реттеу, экономикалық қылмыстарға қатысты заңнаманы

қолдану, азаматтық-құқықтық міндеттемелерді орындау және кәсіпкерлік қызметті құқықтық қамтамасыз ету салаларында ерекше маңызға ие.

Осылайша, нормативтік қаулылар құқық жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды құрал ретінде қызмет етіп, сот практикасының жүйелілігін, заңдылықтың сақталуын және құқық қолдану біркелкілігін қамтамасыз етеді.

Құқықтық реформалар кезеңінде заңнаманың жаңаруы сот практикасын өзгерістерге бейімдеуді талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты (ҚР ЖС) сот тәжірибесін жүйелі түрде талдай отырып, құқық қолдану саласындағы проблемалық аспектілерді айқындайды. Анықталған түйткілдерді шешу мақсатында нормативтік қаулылар әзірленіп, онда құқық бұзушылықтардың нақты түсіндірмелері мен саралау өлшемдері белгіленеді. Бұл тетік соттарға бірізді және болжамды тәжірибені қалыптастыруға мүмкіндік беріп қана қоймай, сайлау құқығын қолдану кезінде құқықтық айқындылықты қамтамасыз етуге және негізсіз қылмыстық қудалау тәуекелдерін азайтуға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғаудың маңызды кепілі болып табылады. Олар құқық қолдану тәжірибесінің болжамдылығын арттырып, сот шешімдеріндегі ықтимал қателіктерді азайтуға мүмкіндік береді. Әсіресе, экономикалық құқық саласында бұл тетік үлкен маңызға ие. Өйткені Жоғарғы Соттың нақты түсіндірмелері кәсіпкерлерге өз іс-әрекеттерінің құқықтық салдарын алдын ала бағалауға көмектесіп, олардың заңсыз қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылу тәуекелін төмендетеді. Осылайша, құқықтық айқындықтың жоғарылауы инвестициялық ахуалды жақсартуға және іскерлік белсенділікті ынталандыруға септігін тигізеді.

Қазақстан сот жүйесінің жаңғыртылуы сот ісін жүргізудің тиімділігін арттыруға, әділ сот төрелігінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге және процестік кепілдіктерді нығайтуға бағытталған маңызды кезеңге айналды. Бұл үдеріс барысында жаңа заңнамалық нормалар сот тәжірибесінде бірқатар қиындықтарды туындатуы мүмкін. Әсіресе, Азаматтық іс жүргізу кодексінің (ҚР АІЖК) жекелеген нормаларын қолдану мәселесінде құқық қолданушыларға түсіндірме қажеттілігі туындады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

2017 жылы «Азаматтық іс жүргізу кодексінің нормаларын қолдану туралы» нормативтік қаулы қабылдады. Аталған құжат процестік құқық нормаларын біркелкі түсіндіруге және қолдануға ықпал етіп, сот шешімдерінің әділдігі мен заңдылығын қамтамасыз ететін маңызды құқықтық құралға айналды.

Осылайша, нормативтік қаулылар сот практикасының тұрақтылығын қамтамасыз етудің және құқық қолдану саласындағы біркелкілікті сақтаудың маңызды тетігі ретінде қызмет етеді. Олар құқықтық жүйенің болжамдылығын арттырып, құқықтық қатынастардың барлық субъектілері үшін заңнаманың түсінікті әрі айқын болуына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты өзінің конституциялық мәртебесіне сәйкес заңнаманы біркелкі түсіндіру және қолдануды қамтамасыз ету жөніндегі маңызды функцияны жүзеге асырады. Бұл міндет, ең алдымен, нормативтік қаулыларды қабылдау арқылы іске асырылады. Алайда, құқықтық теория мен сот практикасы деңгейінде соттың заң шығару қызметінің шегі және оның конституциялық өкілеттіктерінен тыс шығу қаупі жөнінде пікірталастар туындайды.

Құқықтық жүйеде соттардың рөлі заңнаманы түсіндірумен шектеледі, алайда кейбір жағдайларда бұл түсіндіру заңнаманы толықтыру немесе өзгерту сипатына ие болуы мүмкін. Егер нормативтік қаулы қолданыстағы нормаларды тек түсіндіріп қана қоймай, сонымен қатар жаңа құқықтық құрылымдарды енгізсе, бұл биліктің бөліну принципінің бұзылуына әкелуі мүмкін. Себебі, классикалық мағынада сот билігі заң шығару функцияларына ие емес.

Билікті бөлу принципі (Монтескье доктринасы) әлемнің көптеген мемлекеттерінің, оның ішінде Қазақстанның конституциялық құрылымының негізі болып табылады. Бұл принципке сәйкес:

- заң шығарушы билік – заңдарды қабылдайды,
- атқарушы билік – оларды іске асырады,
- сот билігі – құқық қолдану қызметін жүзеге асырады.

Осы жүйеде Жоғарғы Сот құқық қолдану мен түсіндіру функцияларын атқарса да, заңнаманы өз бетінше өзгертуге немесе толықтыруға құзыретті емес.

Соттың өз құзыретінен тыс әрекет етіп, заңнамалық нормалар жасау қаупі келесі жағдайларда туындайды:

Жоғарғы Сот заңнамалық нормаларды олардың сөзбе-сөз және жүйелік мәні аясында түсіндіруі тиіс. Егер нормативтік қаулыда қолданыстағы заңдарда қарастырылмаған жаңа ережелер пайда болса, бұл соттың өз құзыретінен тыс жаңа құқық нормаларын жасауы дегенді білдіреді.

Қазақстанда Президент, Парламент және Үкімет заңнамалық бастама құқығына ие. Жоғарғы Сот бұл тізімге кірмейді, сондықтан оның қызметі қолданыстағы нормаларды түсіндірумен шектелуі тиіс, алайда оларды түзету немесе толықтыру құқығы жоқ.

Заңдылық – құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаттарының бірі. Жоғарғы Сот тек заңдарды түсіндіруге құқылы, бірақ олардың мағынасын өзгертуге немесе жаңа нормалар енгізуге құқығы жоқ.

Құқықтық доктринада сот интерпретациясын заң шығарушылықтан ажыратудың бірнеше тәсілдері қарастырылады:

Сөзбе-сөз түсіндіру – Сот норманы тек оның мәтіндік мағынасында, заңнамадағы бастапқы тұжырымдардан тыс талқыламай қолданады.

Жүйелік түсіндіру – Сот норманы бүкіл құқықтық жүйе контекстінде қарастырады, оны заңнаманың басқа ережелерімен байланыстыра отырып, тұтастықта түсіндіреді.

Динамикалық түсіндіру – Сот норманы қоғамдық жағдайдың өзгеруін ескере отырып түсіндіреді, бірақ оны түбегейлі өзгертпейді.

Заң шығармашылық түсіндіру – Сот іс жүзінде жаңа норма жасайды, бұл оның өкілеттігінен тыс әрекет болып табылады.

Егер Жоғарғы Сот нормативтік қаулыда төртінші тәсілді қолданса, бұл билікті бөлудің конституциялық қағидаттарын бұзу ретінде қарастырылуы мүмкін.

Соттың құқық нормаларын қалыптастыруының салдары айтарлықтай күрделі болуы мүмкін:

Құқықтық белгісіздік – Егер Жоғарғы Сот заңнаманы өз шешімдерімен толықтырса, сот практикасы мен заңдар арасында қайшылық туындауы мүмкін.

Заң шығарушы билікті алмастыру – Сот заңдарды түсіндірудің орнына, Парламенттің функцияларын өзіне алып, демократиялық заң шығарушылық механизмдерді әлсіретуі ықтимал.

Құқықтық тұрақсыздық – Егер судьялар заңнамалық нормаларды белсенді түрде жасай бастаса, бұл сот шешімдерінің болжамдылығына кері әсер етеді және құқық қолдану тәжірибе-

сінде тұрақсыздық тудырады.

Осыған байланысты, соттың заң шығару процесіне араласуын болдырмау үшін келесі шараларды жүзеге асыру қажет:

Заңдылық қағидатын қатаң сақтау – Жоғарғы Сот тек сөзбе-сөз және жүйелік түсіндіру шеңберінде әрекет етуі керек.

Парламенттік бақылауды күшейту – Егер Жоғарғы Соттың қаулылары заңнамалық өзгерістерге алып келсе, Парламент оларды қайта қарап, тиісті заңнамалық түзетулер енгізуі тиіс.

Конституциялық бақылау – Егер Жоғарғы Соттың қаулысы оның өкілеттілігінен асып кетсе, оны Конституциялық соттың қарауына беру қажет.

Заңнаманы нақтылау – Парламент заңнамалық олқылықтарды барынша азайтып, соттардың оларды «толықтыруға» мәжбүр болуын болдырмауы керек.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде нормативтік қаулылар заңнамалық актілер мен өзге де құқықтық нормалардың ажырамас бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, Жоғарғы Сот сот тәжірибесін қорыту және оны бірізді қолдану мақсатында нормативтік қаулылар қабылдайды. Бұл актілер соттар үшін міндетті күші бар құжат ретінде қызмет етеді және құқық қолдану практикасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Құқықтық мәртебесі тұрғысынан Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары заңнамалық актілерден төмен, бірақ құқық қолдану тәжірибесінде маңызды рөл атқарады. Олар құқықтық олқылықтарды толтырады және соттардың заңдарды дұрыс түсіндіруіне бағыт-бағдар береді.

Қазіргі Қазақстанда құқықтық жүйе негізінен Конституция, конституциялық заңдар, кодекстер, заңдар және заңға тәуелді актілерден тұрады. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары осы құқықтық жүйенің бір бөлігі болып, заңнамалық актілердің мазмұнын нақтылайтын және оны түсіндіруге көмектесетін құжаттар ретінде әрекет етеді.

Kanashevskiy V.A. (2019) Mezhdunarodnye sdelki: pravovoe regulirovanie [International transactions: legal regulation]. – M.: Mezhdunarodnye otnosheniya, 2019. – S. 546. ISBN: 978-5-7133-1624-2 <https://imobook.ru/book/mezhdunarodnoe-pravo/mezhdunarodnye-sdelki-2>

Karchija A.A. Cifrovye tehnologicheskie (onlajn) platformy: rossijskij i zarubezhnyj opyt regulirovaniya [Digital technological (online) platforms: Russian and foreign regulation experience] /A.A. Karchija //Grazhdanskoe pravo. – 2019. – № 3. – S. 25-28. DOI: 10.18572/2070-2140-2019-3-25-28 <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=37738988>

Kulakov V.V. Problema opredeleniya slozhnyh objazatel'stv // Rossijskij sud'ja. 2009. № 8. S. 5-9.

Mefod'eva K.A. Cifrovye dannye kak ob'ekt grazhdansko-pravovogo regulirovaniya v Germanii, SSHA i Rossii [Digital data as an object of civil-law regulation in Germany, the United States and Russia]: Avtoref. dis. ... kand. jurid. nauk: – M., 2019. – S. 16. <https://www.dissercat.com/content/tsifrovye-dannye-kak-obekt-grazhdansko-pravovogo-regulirovaniya-v-germanii-ssha-i-rossii>

Michels J., Millard Ch., Turtot F. Contracts for Clouds, Revisited: An Analysis of the Standard Contracts for 40 Cloud Computing Services // Queen Mary School of Law Legal Studies Research Paper. 2020. №. 334. 80 p. https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=3624712

Popondopulo V.F. Pravovye formy cifrovyyh otnoshenij [Legal forms of digital relations] // Jurist. – 2019. – № 6. – S. 29-36. https://old.lawinfo.ru/assets/files/Lawyer/2019/6/Lawyer_6_19-5.pdf

Qazaqstan Respublikasynyng azamattyq kodeksi (erekshe bolim) [Civil code of the Republic of Kazakhstan (special section). Code of the Republic of Kazakhstan]. Qazaqstan Respublikasynyng 1999 zhyly 1 shildedegi N 409 Kodeksi. [Jelektrondық resurs] https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_#z788 (Zhygingen kyni: 21.12.2024).

Rossiyskoe grazhdanskoe pravo: Uchebnik: V 2 t. T. II: Objazatel'stvennoe pravo / Otv. red. E.A. Suhanov. 2-e izd., stereotip [Russian Civil Law: Textbook: In 2 vols. T. II: Obligatory Law / Ed. E.A. Sukhanov. 2nd ed., stereotype]. – M.: Statut, 2011. S. 637.

Savel'ev A.I. Napravleniya jevoljucii svobody dogovora pod vlijaniem sovremennyh informacionnyh tehnologij [rends in the evolution of freedom of contract under the influence of modern information technologies]// Sbornik statej / Ruk. avt. kol. i otv. red. dokt. jurid. nauk M.A. Rozhkova. M.: Statut, 2016. C. 481-543. <https://publications.hse.ru/chapters/162688356>

Sergeev A.P., Tereshhenko T.A. Bol'shie dannye: v poiskah mesta v sisteme grazhdanskogo prava [Large data: in search of a place in the system of civil law]// Zakon. 2018. № 11. S. 106 – 123. <https://publications.hse.ru/articles/242860416>

Sergeeva O.V. Vlijanie cifrovizacii na preddogovornye otnosheniya v mezhdunarodnom chastnom prave [Influence of digitization on pre-contractual relations in international private law] / Pravo. Zhurnal Vysshej shkoly jekonomiki. – 2020. – № 3. – S.162 – 184. <https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-tsifrovizatsii-na-regulirovanie-preddogovornyh-otnosheniy-v-mezhdunarodnom-chastnom-prave>

YouDo servisining erezheri [YouDo service rules]. [Jelektrondық resurs] <https://youdo.com/terms> (Zhygingen kyni: 21.12.2024).

Авторлар туралы мәлімет:

Мукалдиева Гулия Бокешовна (хат-хабарларға арналған автор) – Заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің азаматтық құқық, іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасының доценті (Алматы, Қазақстан, *e-mail: gulyiya@mail.ru)

Баймуханова Диана Маратқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетінің 2 курс магистранты (Алматы, Қазақстан e-mail: d.baimukhanova1@gmail.com)

Жағыпар Жадыра – заң ғылымдарының магистрі, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы (Атырау, Қазақстан, e-mail: zhadyra-06@bk.ru)

Сведения об авторах:

Мукалдиева Гулия Бокешовна (автор для корреспонденции) – Кандидат юридических наук, доцент кафедры гражданского права, гражданского процесса и трудового права Казахского национального имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, *e-mail: gulyiya@mail.ru)

Баймуханова Диана Маратқызы – магистрант 2-курса юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан e-mail: d.baimukhanova1@gmail.com)

Жағыпар Жадыра – магистр юридических наук, Атырауский университет имени Х. Досмұхамедова, старший преподаватель кафедры гражданских правовых дисциплин (Атырау, Казахстан e-mail: zhadyra-06@bk.ru)

Information about the authors:

Mukaldieva Gulia Bokesheovna (corresponding author) – Candidate of Law, Associate Professor of the Department of Civil Law, Civil Procedure and Labor Law of the Kazakh National University named after Al-Farabi (Kazakhstan, Almaty c., *e-mail: gulyiya@mail.ru)

Baimukhanova Diana Maratkyzy – 2nd year Master's student of the Faculty of Law of the Kazakh National University named after Al-Farabi (Kazakhstan, Almaty c., e-mail: d.baimukhanova1@gmail.com)

Zhagypar Zhadyra – Master of Law, Atyrau University named after H. Dosmukhamedov, Senior Lecturer of the Department of Civil Legal Disciplines (Kazakhstan, Atyrau c., e-mail: zhadyra-06@bk.ru)

Тіркелді: 25 желтоқсан 2024 жыл
Өзгертілді: 11 қаңтар 2025 жыл
Қабылданды: 10 наурыз 2025 жыл

FTAMP 10.81.35

<https://doi.org/10.26577/JAPJ202511318>**Б.Х. Толеубекова[✉], Г.Ж. Османова***

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: gulaina.78@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ОЙЫН БИЗНЕСІНІҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ РЕТТЕЛУ ТӘРТІБІ

Елімізде лудомания әлеуметтік маңызы бар құбылыс ретінде танылады және оның пайда болуының алғышарттары, таралу процесіне қарсы тұру үшін қажетті шараларды қолдануға әсер етеді. Өйткені, бұл феноменнің әлеуметтік құбылыс екендігін ескерсек, оған әлеуметтік тұстарымен қатар құқықтық жолдармен де қарсы тұру орынды. Бүгінгі таңда еліміз де бұл мәселеге назар аударуды қажет етеді. Олай дейтініміз, құмар ойын ойнайтындар қатары күн санап артуда. Оның алғышарттарына олардың әлеуметтік маңызды құндылықтарды құрайтын әртүрлі деңгейлерінің жиынтығының жоғалуы, тұрақсыздық пен теңсіздік алып келетін жағдайды тудыратын құбылыстарды жатқызуға болады. Бұл ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін дәрежеде болатындықтан, өз деңгейінде қарсы тұруды қажет етеді.

Зерттеудің мақсаты, Қазақстандағы ойын бизнесінің заңдық реттелуінің қазіргі жағдайы ғана емес, сонымен қатар ағымдағы мәселелер мен әлеуметтік мүмкіндіктерді де ескере отырып, заңнаманы оңтайландыру жөніндегі ұсыныстар келтіру болып табылады.

Зерттеуде ойын бизнесінің пайда болуына қатысты заңдық алғышарттарды қарастыра отырып, елімізде құқықтық тұрғыдан реттелуі және лудоманияның алдын алудың тиімді шараларын жасау мүмкіндіктері зерделенеді. Алынған нәтижелер жалғасып жатқан ойын бизнесінің заңдық реттелуіне ықпал етеді, болашақ зерттеулерді әзірлеуге негіз болады.

Зерттеу қорытындысы ойын бизнесі саласын зерттеушілер мен мамандарға осы саланың заңдық реттелуі және күрделі тұстары туралы жан-жақты түсінік алуға ықпал етеді.

Түйін сөздер: лудомания, ойын бизнесі, құмар ойын, лудоманияның пайда болуы, ойыншы, лудомания себептері.

B.Kh. Toleubekova, G.Zh. Osmanova

Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: gulaina.78@mail.ru

The procedure for the legislative regulation of gambling in the Republic of Kazakhstan

Ludomania is recognized as a socially significant phenomenon in the country, and the prerequisites for its occurrence affect the need to apply measures to counteract the spread process. Given that this phenomenon is social, it is reasonable to confront it both socially and legally. This issue requires special attention today, as the number of people involved in gambling is growing every day. Its prerequisites include the disappearance of a set of different levels of socially significant values, phenomena that generate situations leading to instability and inequality. This requires appropriate measures to be taken at the appropriate level, as it poses a threat to national security.

The purpose of the study is to provide recommendations for optimizing legislation, taking into account not only the current state of legal regulation of the gambling business in Kazakhstan, but also current issues and social opportunities.

The article examines the legal prerequisites for the emergence of gambling, the possibilities of legal regulation in the country and the development of effective measures to prevent ludomania. The results obtained will contribute to the legal regulation of the current gambling business and will serve as a basis for the development of future research.

The results of the study will help researchers and specialists in the field of gambling to obtain legislative regulation and a comprehensive understanding of the intricacies of this industry.

Key words: ludomania, gambling, gaming business, occurrence of ludomania, player, causes of ludomania.

Б.Х. Толеубекова, Г.Ж. Османова*

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

*e-mail: gulaina.78@mail.ru

Порядок законодательного регулирования игорного бизнеса в Республике Казахстан

В стране лудомания признана социально значимым явлением, и предпосылки её возникновения влияют на необходимость применения мер по противодействию процессу распространения. Учитывая, что данное явление является социальным, разумно противостоять ему как в социальном, так и в правовом аспектах. На сегодняшний день этот вопрос требует особого внимания, так как с каждым днём растёт количество людей, вовлечённых в азартные игры. К его предпосылкам относится исчезновение совокупности различных уровней социально значимых ценностей, явлений, порождающих ситуации, ведущие к нестабильности и неравенству. Это требует принятия соответствующих мер на должном уровне, поскольку представляет угрозу национальной безопасности.

Целью исследования является не приведение предложений по оптимизации законодательства с учетом не только современного состояния правового регулирования игорного бизнеса в Казахстане, но и текущих проблем и социальных возможностей.

В статье рассматриваются правовые предпосылки возникновения игорного бизнеса, возможности правового регулирования в стране и разработки эффективных мер по предотвращению лудомании. Полученные результаты будут способствовать правовому регулированию действующего игорного бизнеса и послужат основой для разработки будущих исследований.

Результаты исследования помогут исследователям и специалистам в области азартных игр получить законодательное регулирование и всестороннее представление о тонкостях этой отрасли.

Ключевые слова: лудомания, азартные игры, игровой бизнес, возникновение лудомании, игрок, причины лудомании.

Кіріспе

Біздің өмірімізде бұрын-соңды болмаған технологиялық жетістіктерден және цифрлық интеграциядан кейін жаңа цифрлық трансформация дәуірі ашылды. Дегенмен, бұл өз кезегінде мұқият зерттеуді қажет ететін жылдам және кең таралған бірқатар мәселелер тудырды. Белгілі бір құбылыстың пайда болуының заңдық негізіне белгілі бір мемлекеттегі әр түрлі элементтердің күйі мен тепе-теңдігіндегі болатын өзгерістер мен ауқымды оқиғалар нәтижесі жатыр. Лудомания – бүгінгі қоғамның алдында тұрған өткір мәселелердің бірі. Бұл саладағы мәселелер, әсіресе жастар арасында, әлеуметтік және экономикалық салдардың кең ауқымын туындатуы мүмкін. Заңсыз ойын бизнесі азаматтардың қаржылық тұрақтылығына айтарлықтай зиян келтіріп, оларды қарыз алуға, отбасылық дағдарыстарға және психологиялық проблемаларға алып келеді. Сондықтан, бұл мәселені шешу Қазақстан Республикасының құқықтық және әлеуметтік саясатының басты бағыттарының біріне айналып отыр.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу тақырыбы қолданыстағы әдебиеттерді, ғылыми мақалалар мен жинақтарды жан-жақты талдауды қамтиды. Тиісті зерттеулерді анықтау, бағалау және жалпылау үшін шолу сондай-ақ жалпы ғылыми әдістермен қатар, формальды-логикалық, құрылымдық-функционалды, жұмыста объектіні күрделі, көп қырлы құбылыс ретінде талдауды қамтитын жүйелік тәсіл қолданылады. Олардың арасындағы байланыстар салыстырмалы түрде өзгермейтін құрылымды құрайды және оның тұтастығын қамтамасыз етеді. Негізгі назар еліміздегі ойын бизнесінің даму алғышарттары мен заңдық реттелуі және алдын алу жолдарына аударылады. Деректерді жинаудың негізгі әдісі – әдебиеттерді, зерттеулерді мұқият қарау. Сонымен қатар, PubMed және Google Scholar сияқты академиялық мәліметтер базасында жүйелі түрде тиісті мақалаларды, конференция материалдарын және жинақтарын іздеуден тұрады. Әр түрлі дереккөздерден алынған материалдар тақырыпты түсіну үшін кең ауқымды қамтуға бағытталған.

Талқылаулар мен нәтижелер

Лудоманияның құқықтық реттелуі мен мәселелерін қарастыру үшін алдымен ойын бизнесінің пайда болуының алғышарттарына шолу жасау керек. Ойын бизнесі тарихы көрсетіп отырғандай, көптеген ғасырлар бойы құмар ойындардың пайда болуының алғышарты, оның жүзеге асырылуының міндетті шарттарының бірі, оған бірнеше ойыншылардың қатысуы болды. Алайда ХХІ ғасырда ойын бизнесі процесіне осы уақытқа дейін бұрын кездеспеген ойын ережелері мен шарттарына – ойын барысының автоматтандырылуы, ойыншының жалғыз болуы, шынайы өмірден виртуалды әлемге ауысқан құмар ойындарды алып келді. Нәтижесінде бұрыннан белгілі ойындар ғаламдық тұрғыда компьютерлендірілді. Ойындар бағдарламалар түрінде компьютерлерге орнатылып, қолжетімді болды. Оларды виртуалды әлемге көшіру үшін кәсіби техникалық мамандар көмегі пайдаланылып, іске асырылды (Быкова 2000: 123).

КСРО ыдырағаннан кейін кеңестік қоғамға бұрын беймәлім көптеген жаңалықтармен бірге, ойын бизнесі деген «құбылыс» посткеңестік кеңістікте пайда болды. Ұзақ уақыт бойы бұл жанданған, іскер, демек, ішінара криминализацияланған сала мемлекеттік реттеу саласының шеңберінен тыс қалды. Қазақстан Республикасы ұзақ уақыт бойы қоғамды адамгершілік әлсіздіктеріне негізделген бизнестен қорғау, сондай-ақ азаматтардың тәуекелді ойын-сауыққа құқығын қанағаттандыру арасындағы дилемманы шеше алмады.

Соңында бұл дилеммада елдегі қоғамдық қатынастардың капитализациясы жеңіске жетті. Х. Кюри «капиталистік батыс моделіне сәйкес, азаматтар өз өміріндегі жетістіктері үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға тиіс», - деген қорытындыға келді (Кюри 2003: 7). Өйткені, адамдардың көп бөлігі мұндай жағдайға дайын болмады. Себебі, әлеуметтік қорғалудың және ең төменгі кепілдіктің жоғалуы, ойын автоматтарының көмегімен өздерінің материалдың мәселелерін жылдам шешіп алуға деген иллюзиялық үміттері, адамдардың құмар ойындарға тартылуына ықпал етті. Осыған сәйкес, әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жағдайында құмар ойындардың таралуы тұрақты қоғамға қарағанда әлдеқайда үлкен қауіп тудырады.

Қазақстан Республикасында ойын құмарлықтың пайда болуы мен одан әрі дамуына халықтың және БАҚ қатынасы біртекті болмады.

Ойындар болатыны сөзсіз, бірақ та олар өмірде белгілі бір орынды алу керек. Олай дейтініміз, құмар ойындарға шамадан тыс қызығушылық, әсіресе жастар арасында бұл патологиялық ойынға тәуелділік, қылмыстық құқық бұзушылықтардың артуы, қоғамның моральдық климатының теріс өзгеруіне әкеледі. Сондай-ақ бұл қысқа уақыт аралығында бай болып кетуді аңсау және күту көп жағдайда қаржылық жағдайы жеткіліксіз адал еңбекпен табыс табуға ниет білдірмейтін адамдарды қызықтырады және өзіне тартады. Р.А. Севостьянов «адамның құмар ойындарға толық кіріп кетуі, психикалық және физикалық тұрғыдан дені сау тұлғаның қалыптасуына ықпал етпейді. Ойындарға тәуелділік, құмарлықтың кеңістігіне ғана назар аударып, әлеуметтік байланыстың алшақтықтығына әкеледі» деп нақтылайды (Севостьянов 2008: 75). Соңында, ойын бизнесіне қатысатын адамдар құмарлыққа толық еніп, тұйық болып, қоғамнан алшақтайды және біртіндеп өзінің әлеуметтік маңыздылығын жоғалтады.

Елімізде 2005 жылдың соңына қарай ойын автоматтары бар залдар барлық жерлерде еш кедергісіз ашылған еді. Ал жекелеген аймақтарда ойын автоматтар саны бірнеше жүзге дейін жеткен болатын. Ойын бизнесіне қатысушылардың қауіпсіздігімен ешкім айналыспады, сәйкесінше қоғамдық тәртіп те қамтамасыз етілмеді (<https://nomad.su/print.php?a=13-200512160506>).

Нәтижесінде, заң шығарушы Қазақстан Республикасында 2007 жылғы 12 қаңтарда қызметтің ерекшелігіне байланысты ойын бизнесін ұйымдастырушылар мен қатысушылар, сондай-ақ өкілетті органдар арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейтін, ойын бизнесін құқықтық реттеу саласындағы бірқатар елдердің тәжірибесі ескерілген, «Ойын бизнесі туралы» Заңның қабылдануында айқын көрініс тапты (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000219>).

Салыстырмалы түрде Қазақстан Республикасында ойын бизнесін заңсыз ұйымдастырушылар үшін қылмыстық жауаптылықты белгілейтін нормалар жақында ғана пайда болды. Олар алғаш рет «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 9 қарашадағы 490-IV Заңымен енгізілді. Нәтижесінде, сол кезде заңдық күші бар ҚР-ның Қылмыстық кодексі заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру деп аталатын

269-1-бабымен толықтырылды (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/K970000167>).

Еліміздің 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген қазіргі қолданыстағы ҚР Қылмыстық кодексі Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру (ҚР ҚК 307-бап) – ойын мекемесін заңсыз ашу не ұстау немесе ойын бизнесі саласындағы қызметті заңсыз ұйымдастыру, сол сияқты заңсыз ойын бизнесі үшін үй-жайлар беру не Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасында белгіленген орындардан тыс құмар ойындарын ұйымдастыру және өткізу, электрондық казино және интернет-казино қызметін ұйымдастыру не ойын бизнесі саласындағы қызметі лицензиясыз жүзеге асыру бойынша қылмыстық жауаптылықты (қылмыс, қылмыстық теріс қылық) көздейтін норма бекітті (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226>).

Біздің еліміздің аумағында ойын бизнесі сияқты құбылыстың салыстырмалы жаңалығы тиісінше, осы саладағы қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың қабылдануы.

Бұл ретте қазақстандық заң шығарушы ойын бизнесінде туындайтын құқықтық қатынастарды нормативтік белгілермен нақтылады, құқық бұзушыларға әкімшілік және қылмыстық жауаптылық түрлерін қарастырды.

Ойын бизнесімен байланысты тәуекелдің соңғы нәтижесі ойыншының жеке қасиетіне, ал ойынның мақсаты ақшаны немесе басқа мүлкті ұтып алуда емес, оның басқа ойындардан құмартуымен айтарлықтай ерекшеленуінде. Айтылғанмен, Ю.Н. Родионованың «мүлктік салдарлар әкелетін ойын құқықтық тұрғыдан оның қатысушылары үшін – міндет, өйткені, бірі ойын нәтижесіне байланысты мүлктік пайда алса, ал басқалары шығын келтіреді» деген пікірі үйлеседі (Родионова 2006: 65).

Онда ойынның мақсаты мүлктік сипаттағы ұтыс болып табылады. Бұл ретте ойын нәтижесі сәттілікке, кездейсоқ жағдайларға байланысты. Осылайша, ойын бизнесі – тәуекелге негізделген және ойын мекемесі белгілеген ережелер бойынша жеке, сол сияқты заңды екі немесе бірнеше тұлға арасында жасалған ұтыс туралы келісім, оның нәтижесі тараптардың әсер ету мүмкіндігі болатын мән-жайларға байланысты болады.

Шынында да, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) 913-бабына сәйкес мемлекеттің немесе уәкілетті мемлекеттік органнан тотализаторлар мен тәуекелге негізделген басқа да ойындар өткізуге лицензия алған адамның, ал лотереялар үшін лотерея

операторының және осындай ойындарға қатысушылардың арасындағы қатынастар шартқа негізделген. Мұндай шарт лотерея билетін, түбіртектегі немесе өзге де құжатты берумен ресімделеді және ойындарға қатысушы лотерея билетінің құнын немесе ойынға қатысудың өзге де төлемін төлеген кезден бастап жасалған деп танылады. Лотереяны, тотализаторды немесе өзге де ойындарды өткізу шарттарына сәйкес ұтқан деп танылатын адамдарға ойындардың бастамашысы (ұйымдастырушысы) ойындарды өткізу шарттарында көзделген мөлшерде, нысанда (ақшалай немесе заттай) және мерзімде, ал егер бұл жағдайларда мерзім көрсетілмесе – ойындардың нәтижелері шығарылған кезден бастап он күннен кешіктірмей ұтысты төлеуге тиіс. Ойын бастамашысы (ұйымдастырушысы) осы баптың 2-бөлігінде көрсетілген міндеттерді орындамаған жағдайда лотереяда, тотализаторда немесе өзге де ойындарда ұтқан қатысушы өзіне ұтыс төлеуді, сондай-ақ өзіне келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>).

ҚР ӘҚБтК-де (445-бап) Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын, сондай-ақ (445-1-бап) Қазақстан Республикасының лотереялар және лотерея қызметі туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылықтар бап (https://kodeksy-kz.com/ob_administrativnyh_pravonarusheniyah.htm). Мұнда заң шығарушы әкімшілік жауапкершілікке ойын бизнесін ұйымдастырушыны тартуды көздейді.

Бұл баптар елімізде заңсыз ұйымдасқан ойын бизнесі үшін жауаптылықты белгілеу аясы, азаматтық-құқықтық реттеуді толықтырып отырғандығын көреміз. Осыдан, біз Қазақстанда ойын бизнесі аясында қисынды, экономикалық негізделген мемлекеттік саясаттың жүргізіліп жатқандығын бөліп айтуға болады.

Жоғарыда аталған бұзушылықтарға қатысты ресми статистикалық деректерге сүйенсек, үстіміздегі жылы 121838 қылмыстық құқық бұзушылықтар тіркелген. Қазақстан Республикасында ішкі істер органдары жұмысының тиімділігін арттыру бойынша шаралар үнемі жүргізілуінің нәтижесінде жыл сайын қылмыстық құқық бұзушылықтардың төмендеуі байқалады. Соңғы 5 жылда тіркелген құқық бұзушылықтардың саны 32%-ға азайды. 2024 жылғы 10 айында 117683 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,5%-ға аз (121990), оның ішінде 81,9% немесе 96382 – қылмыс, 18,1% немесе 21301

– қылмыстық теріс қылық. Ең көп қылмыстық құқық бұзушылықтар еліміздің келесі өңірлерінде тіркелді: Алматы қаласы (21200), Астана қаласы (16045), Шымкент қаласы (4981), Алматы (9260), Қарағанды (6758), Ақтөбе (5288) және Павлодар (4998) облыстары (<https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics>).

Ал енді, 2015-2024 ж. 10 айы аралықтарындағы ҚР ҚК-нің 307-бабы бойынша тіркелінген

қылмыстық құқық бұзушылықтардың статистикалық деректеріне жүгінсек, есепті мерзімде СДТБТ-де тіркелген құқық бұзушылықтар саны 2015 ж. – 556, 2016 ж. – 424, 2017 ж. – 585, 2018 ж. – 328, 2019 ж. – 432, 2020 ж. – 215, 2021 ж. – 230, 2022 ж. – 149, 2023 ж. – 101, 2024 ж. 10 айында – 65. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың басым бөлігі қоғамдық орындарда, көше-алаңдарда жасалынады

1-кесте – ҚР заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру бойынша тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың ресми көрсеткіштері (2015 жыл – 2024 жыл қыркүйек айын қоса алғанда).

жылдар	барлығы	Есепті мерзімде СДТБТ-де тіркелген құқық бұзушылықтар	әйелдерге қатысты	сотқа жіберілген құқық бұзушылықтар саны	қоғамдық орындарда жасалған	көшелерде, алаңдарда
2015	573	556	1	209	90	11
2016	529	424	-	232	64	27
2017	678	585	3	503	256	99
2018	404	328	3	234	136	36
2019	528	432	-	299	156	46
2020	339	215	-	222	63	7
2021	312	230	2	251	114	19
2022	187	149	-	137	40	7
2023	116	101	-	88	29	3
2024 ж. 10 айы	87	65	-	57	17	5

Ресми деректер көрсетіп отырғандай қылмыстық істер саны соңғы жылдары азайған, десе де лудомания фактісінің қаупі қоғамда сейілер емес.

ҚР ҚПК-нің 187-бабына сай ҚР ҚК-нің 307-бабының (үшінші бөлігінің 3) тармағында) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, ал 307-баптың (бірінші және екінші бөліктерінде, үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сотқа дейінгі тергеуді экономикалық тергеу қызметінің тергеушілері жүргізеді (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231#z189>).

Белгілі бір әкімшілік аумақтарда ойын бизнесін шоғырландыру идеясы әлемде өте танымал. И.М. Кичигина «аумақтық тұрғылықты өмір сүруге бөлінген оқшауланған аумақтарды құрудағы жинақталған үлкен тәжірибеге байланысты, сол аумақтарды қадағалау идеясы американдықтарға тиесілі. Осылайша АҚШ

Лас-Вегаста, сондай-ақ Мэриленд штатында және Атлантик-Сити қаласында олардың құқықтары мен міндеттерін толық қамтамасыз ете отырып, ойын бизнесі аймақтарын заңнамалық деңгейде бірінші болып енгізді. Бүгінгі таңда бұл қалалар сексен бір миллион доллардан асатын ойын бизнесінің ірі орталықтары болып табылады», - деп нақты келтіреді (Кичигина 2018: 35).

Енді Қытай тәжірибесіне сүйенсек, онда көмелетке толмағандарды құмар ойындардан заңнамалық деңгейде қорғау 2005-2007 жылдары-ақ күшейтілген. Ол кезде Қытай жасөспірімдердің виртуалды кеңістікте көп уақыт өткізетіндігімен бетпе-бет келді. Мәселені шешу үшін Қытай Халық Республикасының басшылығы ірі компанияларға балалардың ойынға кететін уақытын шектеуге мүмкіндік беретін техникалық құралдарды әзірлеуге шақырды. Инновациялардың күрделілігіне байланысты оларды жаппай енгізу мүмкін болмады.

Ал, 2010 жылы кез келген монетизация түрі кездесетін ойындарды міндетті лицензиялау талабы пайда болды (http://www.gov.cn/flfg/2010-06/22/content_1633935.htm).

Сонымен қатар, ойын кеңістігін реттеудің тағы бір әдісі анықталды – пайдаланушыны сәйкестендіру (идентификациялау). Ол 2011 жылы жүзеге асырылған. 2017 жылы мұндай процедураны мобильді құрылғыларда қолдану мүмкін болады (Бесчастнов 2023: 27).

Әрі қарай, Қытай Халық Республикасының басшылығы виртуалды кеңістікті кодификациялауды күшейту жолымен жүреді. 2019 жылы көмелетке толмағандар үшін ойындарға кететін уақытқа (жұмыс күндері 1,5 сағат және демалыс күндері 3 сағат), сондай-ақ оларда жұмсай алатын қаржылық ресурстардың көлеміне (8-16 жас аралығындағы жасөспірімдер үшін максимум 30 юань болды, айына 16-18-60 юань) шектеулер енгізілген.

2021 жылы шектеулер күшейтіледі. Енді көмелетке толмағандар 20:00-ден 21:00-ге дейін бір сағат қана ойнай алатын болады (China's Gaming Regulations Report: Analyzing the Consumer and Market Impacts of Chinese Games Market Policies 2022: 7).

Ойын индустриясын реттеудің тағы бір бағыты ойындарды лицензиялау жүйесін дамыту болды. Алғаш рет бұл талап 2002 жылы мемлекеттік қолдау табады. 2016 жылы ол планшеттер мен ұялы телефондарға арналған қосымшаларға енеді.

Лицензиялау тәртібіндегі ерекшеліктерге орай мұндай науқандар мезгіл-мезгіл өткізіліп тұратын болған. Ойынды бір рет жариялауға рұқсат алғаннан кейін, бұл жаңа нұсқаларды енгізу кезінде қажет емес. Ал бұл бұзушылықтардың алдағы уақытта орын алуына мүмкіндіктер ашады (<https://games.logrusit.com/ru/news/entering-chinese-market/>).

Жасөспірімдердің ойындарда қалу мерзімдері сақталмаған. Niko Partners агенттігінің мәліметі бойынша, олар енгізілгеннен кейін жастар арасындағы ойыншылардың пайызы 60-тан 40% – ға дейін төмендеген (<https://nikopartners.com/china-youth-gamers/>).

Бұл ретте жасөспірімдердің тек 54%-ы ғана заңға бағынады. Қалғандары мамандандырылған ресурстардан сатып алуға болатын ойындарға қол жеткізу үшін ересектерге арналған есептік жазбаларды пайдаланады (<https://www.thegamer.com/young-chinese-gamers-government-mandated-time-limits/>). Сонымен қатар, 2026 жылға қарай

жастар арасындағы ойыншылардың саны 56%-ға дейін артады деп болжануда, яғни ол бастапқы нәтижеге дерлік оралады.

Байқап отырғанымыздай, ҚХР-ның ойындарды реттеу саласындағы саясаты жүйелі түрде дамып отырды. Нормативтік құқықтық актілер бір мақсатпен – Қытай қоғамын ел тұрғындарының әлеуметтік-мәдени ерекшелігіне нұқсан келтіретін ықпалдан қорғаумен байланысты. Сонымен қатар, баспагерлер мен ойындарды пайдаланушылар тарапынан бұзушылықтардың болуы Қытай қоғамының кейбір сегменттерінің бұл саясатына наразылығын білдіреді.

Қытай тәжірибесін біздің еліміздегі жағдайда қолдану үшін тиімділікті арттыру бағытында іс-шараларды қайта қарастыру қажет екені анық.

Біздің елдің заңнамасы бойынша, ойын аумағы нақты айқындалған. Олай дейтініміз осыдан 15 жыл бұрын лудомания заңды мәртебеге ие болды. 2007 жылы экс-Президент ойын бизнесін заңдастырып қана қоймай, оның аясында жұмысты реттеуге мүмкіндік беретін заңға қол қойды. Заңға сәйкес жергілікті атқарушы органдармен айқындалатын аумақтар шегінде нақты бекітілген «солтүстік» Ақмола облысының Бурабай ауданының аумағында және «оңтүстік» Алматы облысында Қапшағай су қоймасының жағалауында (Ойын бизнесі туралы ҚР Заңы 11-бап) орналасқан ойын аймағы ресми түрде пайда болды.

Әлемде ойын мекемелерінің аумақтарын анықтаудың бірқатар көрсеткіштері бар:

- ойын үйлері белгілі бір халқы бар қалаларда немесе олардың туризм үшін тартымды географиялық орналасуына сәйкес орналасады;

- ойын бизнесі аумақтарын қалалар мен елді мекендерден тыс жерлерде (бір ғасырдан астам уақыттан бері) американдық модель бойынша орналастыру (Капітаненко 2010: 7).

Қазақстан кеңестік дәуірден кейінгі кеңістіктегі ірі мемлекеттердің бірі бола отырып, ойын бизнесі-сауық нарығында жұмыс істейтін компаниялар тарапынан үлкен қызығушылық тудырады. Бүгінгі таңда Қазақстанның ойын бизнесі нарығы белсенді даму және кеңею сатысында тұр. Ол ТМД-ның және әлемнің басқа елдерінің ойын-бизнесінің сауық нарықтарынан ерекшеленеді.

Заң шығарушы лудоманияға қарсы күрес шараларын ойын бизнесі түрлерін заңсыз ұйымдастырумен ғана күресумен шектеледі ме? деген сауалға жауап қарастырып көрейік.

Пайымдап қарасақ, лудомания – ХХІ ғасырдың қасіреті.

Әдетте лудомандар қарызға ақша алады, олардың ішінде микрокредиттік ұйымдар да бар. Шығындардың күн сайын өсіп отыруы ойынға тәуелділіктің белгілерінің бірі болып табылады. Уақыт өте келе ойыншы қарызды төлей алмайды. Бұл жағымсыз салдарға әкеледі – лудоманың отбасына психологиялық қысым жасайтын коллекторлардың қоңыраулары басталады. Көбінесе, оның туыстары проблеманың бар екенін осы кезеңде ғана біледі. Борышкерлер көбінесе қарыздарын өтеу үшін еңбек пен күш жұмсамай-ақ тез ақша табуға мүмкіндік іздейді. Тез арада көп ақша табады деген үмітпен олар құмар ойындарға жүгінеді, букмекерлік кеңселерге бәс тігеді, барлық қалған жинақтарын жоғалтады және жақындары мен отбасыларына әсер ететін одан да үлкен қарызға батады.

Бұдан шығатын жол іздеген кейбір мамандардың пайымдауынша, қарыздық міндеттемелерінен қасақана жалтарған және борышкерлердің бірыңғай тізілімінде тұрған жосықсыз азаматтарға құмар ойындар мен ставкаларға қатысуға тыйым салынуы керек.

Бүгінде бұл мәселе заң деңгейінде шешімін таппақ және де «Ойын бизнесі туралы» ҚР Заңына түзетулер енгізілді (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2400000116>).

Борышкерлердің бірыңғай тізілімінде тұрған жеке тұлғалардың ойын бизнесіне және (немесе) лоторея ойынына қатысуына тыйым салатын норма екі мақсатты көздейді. Біріншіден, борышкер азаматтарды жеңіл, жылдам табыс табуға деген ұмтылыстың қалыптасуынан және ойын бизнесіне, ставкаларға қатысудың жағымсыз салдарларынан қорғау. Екіншіден, ойын бизнесіне және (немесе) ставкаларға қатысу арқылы зиянды борышкерлерді ойын-сауық үшін айыппұлдар, салықтар және алименттер бойынша шектеу.

Азаматтарды тізілім арқылы тексеру механизмі қарапайым және ойын бизнесін ұйымдастырушылар үшін қосымша қаржылық шығындарды қажет етпейді. Ойын бизнесіне, лоторея ойынына қатысушыларды тексеру букмекерлік кеңсенің, ойын мекемесінің кассаларында секундта жүргізілуі мүмкін.

Келесі бір деректерге сүйенсек. 170 мыңнан астам Қазақстандық ойын бизнестерінен өз бетінше қорғанған (24KZ хабарламасы). Ол үшін олар өзін-өзі ұстау туралы арнайы өтініштер жіберген.

Олардың 98% – қызметке онлайн – eGov мобильді порталы арқылы, қалғандары дәстүрлі

жазбаша түрде тапсырыс берген. Ойын бизнесі мен лотореяны реттеу Комитетінің мәліметі бойынша, өтініш берушілердің көпшілігі 30-35 жаста.

Наурыз айының ортасында Туризм және спорт Министрлігімен іске қосылған бұл пилоттық жоба өзінің өзектілігін көрсетті: бір айдың ішінде департаментке 35 мыңнан астам өтініш келіп түскен (<https://24.kz/ru/news/social/item/681884-170-tysyach-kazakhstantsev-samostoyatelno-ogradili-sebya-ot-azartnykh-igr>).

Соңғы кездері лудомания Интернет желісі арқылы жасалуда. Байқағанымыздай, мұндай істер де ҚР ҚПК-дағы уәкілетті органдарға қарасты, ал Интернет желісі арқылы жасалатын лудомания бақылаусыз қалып отыр. Елімізде онсыз да алаяқтық Интернет қылмыстық істердің ашылу мүмкіндігі өте нашар.

Шетелдік букмекерлік кеңселердің Интернет-ресурстары Қазақстан азаматтарына қолжетімді. Өйткені, елде оларға тікелей тыйым салынбаған. Бұл ойын бизнесінің Қазақстандық сегменті мен шетелдік сегмент арасындағы теңгерімсіздікке әкеледі, нәтижесінде қаражаттың кетуі шамамен бір-біріне тең болады.

Сонымен қатар көптеген елдерде интернетте шетелдік букмекерлік кеңселердің қызметіне тыйым салынған. Мысалы, АҚШ, Австралия, Швейцария, Бельгияда шетелдік ойын бизнесі сайттарының қызметіне тыйым салынған. Қазақстанда тек онлайн-казиноларға тікелей тыйым салынған, ал шетелдік букмекерлік кеңселер мен ұтыс ойындарының сайттарында тыйым салынбаған.

Бірақ та лудомандармен күресте жекеленген алдын алу шараларының маңызы ерекше екендігін айтып кеткіміз келеді. Тиімді бақылау шарасы ретінде букмекерлік кеңселердің қарсыластары тотализатордың жұмысына толық тыйым салуды көздейді. Алайда, бұндай шараларды талдау, толық тыйым салуды ұсынбайды. Шет ел тәжірибесіне қайта оралсақ, заңнаманы талдауда К.А. Катков шет елдерде ойын бизнесін реттеудің негізгі тәсілі құмар ойындарға тыйым салу емес, оларды тиімді құқықтық реттеу қажеттігін көрсетеді (Катков К. А. 2008: 93).

Шынында да, ойын мекемелеріне тыйым салу көлеңкелі бизнесті, заңсыз залдарды, ойын автоматтары мен казиноны дамыту. Бұл ретте сұраныс сол деңгейде қалады, бірақ бұл казино мен тотализаторлардың жасырын, заңсыз формаға ауысуына алып келеді.

Қорытынды

Осылайша, жүргізілген зерттеу бойынша келесі қорытындылар жасауға болады:

Әртүрлі тарихи кезеңдерде шетелдік және отандық заң шығарушылар бірнеше рет белгілеген ойын бизнесіне тыйым салулар мен шектеулер көп елде де қажетті нәтиже бермеген. Керісінше, мемлекет енгізген тыйымдарды айналып өтудің әрқашан заңды емес жолдарын іздеуге итермелеуде. Ойындардың қажеттілігі көптеген азаматтардың ерекше психологиялық бейімділігіне ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік факторларға – тиісті бюджеттерге қосымша қаражат алу мүмкіндігіне және осы салада жұмыс істейтін адамдардың жұмысқа орналасу перспективаларына байланысты. Ойын бизнесінің заңсыз жүргізуін бақылау саласындағы негізгі проблема, интернет-казинолар. Өкінішке орай, осы мәселеде отандық заңнамада тиімді пысықталған тұстары жоқ. Сондықтан заңсыз интернет-казинолардың қызметін ұйымдастырушылар үшін жазаны қатаңдата отырып, қосымша жауаптылық шараларын енгізу қажет.

Сөйкесінше,

1. Лудоманияны – аурудың бір түрі деп айтсақ, артық болмас. Өз-өзін құмар ойыннан тоқтату мүмкіндігі өте аз, сондықтан да оның психологиялық емдеуді қажет етері анық. Қажет

деп тапқан ретте уәкілетті мемлекеттік органдар ойын бизнесінің қатысушыларына психологтардың қатысуымен емдеу, түзеу іс-шараларын жүргізу іс-шаралары белгіленуі тиіс.

2. «Ойын бизнесі туралы» Заңның 15-1-бабының 7-тармағына түзету енгізу ұсыныстарын келесі мәтінмен толықтыру қажет деп есептейміз:

«... Ойын бизнестеріне, лоторея ойындарына қатысушыларды букмекерлік кеңсенің, ойын мекемесінің кассаларында *биометриялық тексеру жүргізілуі* тиіс. Осы норманың сақталуын бақылауды уәкілетті мемлекеттік органдар интеграцияланған ақпараттық жүйелер арқылы жүзеге асыру қажет».

3. Қазақстанда ойын бизнесімен айналысуға лицензиясы жоқ шетелдік букмекерлік кеңселердің, ұтыс ойындарының интернет-ресурстарына тыйым салу қажет.

Уәкілетті орган бекіткен ойын бизнесі мекемесінің, букмекерлік кеңсенің, ұтыс ойынының, ставкалардың, өткізілетін ойын бизнесі мен ставкалардың жұмысының стандартты ережелерін енгізу қажеттігі туындап отыр.

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылады (№ BR24992927 бағдарлама).

Әдебиеттер

- Бесчастнов Н.Н., Егоров К.Ю. (2023) Политика КНР в сфере регулирования рынка компьютерных игр (социальный и культурный аспекты) // Теория и практика общественного развития. № 5. С. 25–30. <https://doi.org/10.24158/tipor.2023.5.2>
- Булгакбаев Б. (2005) Бюджет теряет миллиарды. Криминал и коррупция. <https://nomad.su/print.php?a=13-200512160506>
- Быкова Е.А., Чапов А.И., Чапова О.И. (2000) Стоп! Азартные игры! Сервис электронных книг «Avidreaders.ru», Лит-ресс. – С. 463 <https://avidreaders.ru/download/stop-azartnye-igry.html?f=trf>
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>
- Как выпустить игру на китайском рынке. Logrus IT. Локализация игр. <https://games.logrusit.com/ru/news/entering-chinese-market>
- Капітаненко Н.П. (2010) Правове регулювання грального бізнесу в США: історичний аспект / Н.П. Капітаненко // Актуальні проблеми державотворення в сучасних умовах: матеріали міжнародної науково-практичної конференції молодих вчених, м. Київ, 29–30 листопада 2010 р. – К.: Центр правових наукових досліджень, Т. 2. – С. 15.
- Катков К.А. (2008) Зарубежный опыт налогообложения игорного бизнеса // Вестник Саратовского государственного социально-экономического университета. – №. 4. – С.92-94
- Кичигина И.М. (2018) Игровой бизнес: мировые тенденции и перспективы развития в условиях глобализации // Российско-китайские исследования. Т. 2. № 1-2. С. 36-44.
- Кюри Х. (2003) Уголовное право и преступность. Тенденции развития в Центральной и Восточной Европе. Фрайбург. – С. 9
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII // https://kodeksy-kz.com/grazhdanskij_kodeks.htm
- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі № 167 кодексі (күші жойылған) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K97000016>

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231#z189>

О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам игорного бизнеса, лотерейной деятельности, охраны здоровья, государственной инспекции труда, государственного контроля и исключения излишней законодательной регламентации Закон Республики Казахстан от 8 июля 2024 года № 116-VIII ЗРК // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2400000116>

Ойын бизнесі туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №219 Заңы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000219_

170 тысяч казахстанцев самостоятельно оградили себя от азартных игр. <https://24.kz/ru/news/social/item/681884-170-tysyach-kazakhstansev-samostoyatelno-ogradili-sebya-ot-azartnykh-igr>

Родионова Ю.Н. (2006) Правовое регулирование игорного бизнеса в Казахстане. «Вестник Казахстанско-Американского свободного университета» №3 // <http://www.vestnik-kafu.info/authors/237>

Севостьянов Р.А. (2008) Вопросы уголовно-правовой защиты общественной нравственности от незаконного игорного бизнеса // Бизнес в законе. Экономико-юридический журнал. – № 2. – С. 177.

Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы» №1-М есебі <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics> // <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics>

China Youth Gamers. // <https://nikopartners.com/china-youth-gamers>

China's Gaming Regulations Report: Analyzing the Consumer and Market Impacts of Chinese Games Market Policies. November 2022.- p.-29

Over half of Young Chinese Gamers Stick to the Government The Gamer. URL: <https://www.thegamer.com/young-chinese-gamers-government-mandated-time-limits/>

中华人民共和国文化部令 第 49 号 《网络游戏管理暂行办法》已经2010年3月17日文化部部务会议审议通过，现予发布，自 2010年8月1日起施行。= Временные меры по управлению онлайн-играми: Приказ Министерства культуры Китайской Народной Республики № 49 от 17.03.2010 [Электронный ресурс] // Министерство культуры Китайской Народной Республики. URL: http://www.gov.cn/flfg/2010-06/22/content_1633935.htm (на кит. яз.)

References

Beschastnov N.N., Egorov K.Ju. (2023) Politika KNR v sfere regulirovaniya rynka komp'yuternykh igr (social'nyj i kul'turnyj aspekty) [China's Policy in Regulating the Computer Games Market (Social and Cultural Aspects)] // Teorija i praktika obshhestvennogo razvitiya. № 5. S. 25–30. <https://doi.org/10.24158/tipor.2023.5.2>

Bulgakbaev B. (2005) Bjudzhet terjaet milliardy. Kriminal i korrupcija [The Budget is Losing Billions. Crime and Corruption]. <https://nomad.su/print.php?a=13-200512160506>

Bykova E.A., Chapov A.I., Chapova O.I. (2000) Stop! Azartnye igry! Servis jelektronnykh knig «Avidreaders.ru», Litress [Stop! Gambling! E-book Service «Avidreaders.ru», Litress]. – S. 463 // <https://avidreaders.ru/download/stop-azartnye-igry.html?f=rtf>

Akimshilik quqyq buzushylyk turaly Qazaqstan Respublikasynyng Kodeksi 2014 zhylygy 5 shildedegi № 235-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>

Kak vypustit' igru na kitajskom rynke. Logrus IT. Lokalizacija igr [How to release a game in the Chinese market. Logrus IT. Game localization]. <https://games.logrusit.com/ru/news/entering-chinese-market>

Kapitanenko N.P. (2010) Pravove reguljuvannja gral'nogo biznesu v SSHA: istorichnij aspekt [Legal regulation of the agricultural business in the USA: historical aspect] / N.P. Kapitanenko// Aktual'ni problemi derzhavotvorennja v suchasniy umovah: materialy mizhnarodnoï naukovo-praktichnoï konferencii molodih vchenih, m. [Current problems of government creation in current minds: materials of the international scientific and practical conference of young scholars] Kiïv, 29–30 listopada 2010 r. – K.: Centr pravovih naukovih doslidzhen', T. 2. – S. 15.

Katkov K.A. (2008) Zarubezhnyj opyt nalogooblozhenija igornogo biznesa [Foreign experience in taxation of the gambling business] // Vestnik Saratovskogo gosudarstvennogo social'no-jeconomicheskogo universiteta. – №. 4. – S.92-94

Kichigina I.M. (2018) Igornyj biznes: mirovye tendencii i perspektivy razvitiya v uslovijah globalizacii [Gambling business: global trends and development prospects in the context of globalization] // Rossijsko-kitajskie issledovanija. T. 2. № 1-2. S. 36-44.

Kjuri H. (2003) Ugolovnoe pravo i prestupnost'. Tendencii razvitiya v Central'noj i Vostochnoj Evrope [Criminal law and crime. Development trends in Central and Eastern Europe]. Frajburg. – S. 9

Qazaqstan Respublikasynyng Azamattyq kodeksi 1994 zhylygy 27 zheltoksandagy № 268-XIII [Civil Code of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 1994 No. 268-XIII]. https://kodeksy-kz.com/grazhdanskij_kodeks.htm

Qazaqstan Respublikasynyng Qylmystyq kodeksi 2014 zhylygy 3 shildedegi № 226-V ҚРЗ [Criminal Code of the Republic of Kazakhstan No. 226-V of the Code of the Republic of Kazakhstan dated July 3, 2014] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

Qazaqstan Respublikasynyng Qylmystyq kodeksi: Qazaqstan Respublikasynyng 1997 zhylygy 16 shildedegi № 167 kodeksi (kyshi zhojylgan) [Criminal Code of the Republic of Kazakhstan: Code of the Republic of Kazakhstan No. 167 of July 16, 1997 (repealed)] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K97000016>

Qazaqstan Respublikasynyng Qylmystyq-procestik kodeksi 2014 zhylygy 4 shildedegi № 231-V ҚРЗ [Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan No. 231-V of the Code of the Republic of Kazakhstan dated July 4, 2014] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231#z189>

Vnesenii izmenenij i dopolnenij v nekotorye zakonodatel'nye akty Respubliki Kazahstan po voprosam igornogo biznesa, loterejnoy dejatel'nosti, ohrany zdorov'ja, gosudarstvennoj inspekcii truda, gosudarstvennogo kontrolja i iskljuchenija izlishnej

zakonodatel'noj reglamentacii Zakon Respubliki Kazahstan ot 8 ijulja 2024 goda № 116-VIII ZRK [On Amendments and Additions to Some Legislative Acts of the Republic of Kazakhstan on Gambling, Lottery Activities, Health Protection, State Labor Inspection, State Control and exceptions to excessive legislative regulation of the Law of the Republic of Kazakhstan dated July 8, 2024 No. 116-VIII ZRK] // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2400000116>

Ojyn biznesi turaly Qazaqstan Respublikasynyng 2007 zhylgy 12 qangtardagy №219 Заңы [Law No. 219 of the Republic of Kazakhstan dated January 12, 2007 on gaming business] // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000219_

170 tysjach kazahstancev samostojatel'no ogradili sebja ot azartnyh igr. [170 thousand Kazakhs have independently fenced themselves off from gambling] // <https://24.kz/ru/news/social/item/681884-170-tysyach-kazahstantsev-samostoyatelno-ogradili-sebya-ot-azartnykh-igr>

China Youth Gamers. <https://nikopartners.com/china-youth-gamers>

China's Gaming Regulations Report: Analyzing the Consumer and Market Impacts of Chinese Games Market Policies. November 2022.- r.-29

Over half of Young Chinese Gamers Stick to the Government The Gamer. URL: <https://www.thegamer.com/young-chinese-gamers-government-mandated-time-limits/>

Rodionova Ju.N. (2006) Pravovoe regulirovanie igornogo biznesa v Kazahstan [Legal regulation of gambling business in Kazakhstan] // «Vestnik Kazahstansko-Amerikanskogo svobodnogo universiteta» №3 <http://www.vestnik-kafu.info/authors/237>

Sevost'janov R.A. (2008) Voprosy ugovovno-pravovoj zashhity obshhestvennoj npravstvennosti ot nezakonnogo igornogo biznesa [Issues of criminal law protection of public morals from illegal gambling business] //Biznes v zakone. Jekonomiko-juridicheskij zhurnal. – № 2. – S. 177.

Tirkelgen qylmystyq quqyq buzushylyqtar turaly» №1-M esebi [Report No. 1-M on registered criminal offenses] // <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics> // <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics>

中华人民共和国文化部令 第 49 号 《网络游戏管理暂行办法》已经2010年3月17日文化部部务会议审议通过，现予发布，自 2010年8月1日起施行。= Vremennye mery po upravleniju onlajn-igrami: Prikaz Ministerstva kul'tury Kitajskoj Narodnoj Respubliki № 49 ot 17.03.2010 [Elektronnyj resurs] [Temporary measures for online gaming management: Order of the Ministry of Culture of the Chinese People's Republic No. 49 of 17.03.2010 [Electronic resource]] // Ministerstvo kul'tury Kitajskoj Narodnoj Respubliki. URL: http://www.gov.cn/flfg/2010-06/22/content_1633935.htm (na kit. jaz.)

Авторлар туралы мәлімет:

Османова Гулайна Жалалыевна (хат-хабар авторы) – философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің Тарих және құқық факультетінің «Құқықтану» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: gulaina.78@mail.ru);

Төлеубекова Бахитжан Хасеновна – заң ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің Тарих және құқық факультетінің «Құқықтану» кафедрасының профессоры (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: madina_khv@mail.ru).

Information about authors:

Osmanova Gulaina (corresponding autor) – PhD, associate Professor of the Department of «Jurisprudence» of the Faculty of history and law of the Abay Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: gulaina.78@mail.ru);

Toleubekova Bakitzhan – doctor of legal sciences, professor, Professor of the Department of «Jurisprudence» of the Faculty of history and law of the Abay Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: madina_khv@mail.ru).

Сведения об авторах:

Османова Гулайна (корреспондент-автор) – PhD, ассоциированный профессор кафедры «Юриспруденция» историко-правового факультета Казахского национального педагогического университета имени Абая (Казахстан, Алматы, e-mail: gulaina.78@mail.ru);

Төлеубекова Бахитжан – доктор юридических наук, профессор кафедры «Юриспруденция» историко-правового факультета Казахского национального педагогического университета имени Абая (Казахстан, Алматы, e-mail: madina_khv@mail.ru);

Тіркелген: 21 ақпан 2025 жыл
Қабылданды: 10 наурыз 2025 жыл

A.K. Aronov^{1*}, **S.K. Idrysheva¹**
Maqsut Narikbayev University, Astana, Kazakhstan
*e-mail: an_aronov@kazguu.kz

INFORMATION INTERMEDIARIES IN THE DIGITAL ENVIRONMENT: COPYRIGHT PROBLEMS AND TRENDS OF LEGAL REGULATION

The article addresses several challenges in copyright protection within the digital landscape. The topic is particularly relevant given the expansive capabilities of modern information and communication technologies, which continually introduce risks to the rights of authors and copyright holders in science, literature, and art shared on the global web. In this context, providers—acting as information intermediaries—play a central role in online interactions, yet many countries' laws have gaps in regulating their status and responsibilities. This study focuses on protecting authors' rights on the Internet and clarifying the legal status and responsibilities of information intermediaries in Kazakhstan. The article aims to pinpoint deficiencies in the regulation of intermediary activities in Kazakhstan and to suggest legislative improvements. To meet these objectives, both general scientific and specialized research methods were employed. The novelty of this topic lies in the fact that Kazakhstan's legal framework does not yet define the role of information intermediaries or their involvement in copyright protection on the Internet, and there is a lack of academic literature on this subject. This article is among the first to explore these issues. Key conclusions emphasize the need for a structured legal framework in Kazakhstan that defines information intermediaries, along with the scope and limits of their liability in cases of copyright infringement on the Internet.

Key words: copyright, copyright infringement, global network, information society, information intermediary, provider, DMCA, responsibility of information intermediaries.

А.К. Аронов^{1*}, **С.К. Идрышева¹**
